



## БАЛАНЫҢ САУЛЫҒЫ БӘРИНЕН МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығына барды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы орталықтағы Smart сыныптың жұмысымен танысты. Ем алып жатқан балалар оқудан қол үзіп қалмауы үшін «Ақылды сынып» ұйымдастырылған. Мұнда мектеп бағдарламасына сәйкес математика, тарих және басқа да пәндер оқытылады. Сондай-ақ музыканың және ертегілердің көмегімен терапия сабақтары, түрлі шығармашылық ойындар мен шахмат үйірмесі қарастырылған.

Президент республиканың әр өңірінен келіп, ем алып жатқан балалармен және олардың ата-аналарымен әңгімелесті. Мемлекет

басшысы жеткіншектердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Балалар жылының аясында білім, денсаулық сақтау, спорт және басқа да салаларда жеткіншектерге көңіл бөлінгенін айтып, бұдан әрі де қолдау шаралары жалғасатынын жеткізді.

Президентке балалар бөлімшелерінде 351 бала ем алып жатқаны туралы баяндалды. Биыл бұл жерде 18 мыңға жуық бала емделген. Кейінгі 3 жылда Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығына 30-дан астам жаңа медицина технологиясы енгізіліп, мамандары шетелде біліктілігін жетілдірген.

Кездесу соңында Президент балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, барлығына сыйлық үлестірді.

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты жерлестер!

Санаулы сәттерден соң егемен елімізге, әрбір шаңыраққа Жаңа 2022 жыл қадам басады.

Біз әрбір жылды өз жетістігімен шығарып салып, Жаңа жылды үкілеген үмітпен, игі тілекпен қарсы аламыз. Алдымызға жаңа мақсат-міндеттер қойып, келген жылдан жақсылық, жағымды нәтиже күтеміз.

Өткен Барыс жылына өкпеіміз жоқ. 2022 жыл еліміз үшін де, аймағымыз үшін де оң өзгерістерге толы берекеді де жемісті, жетістіктері мол жыл болды. Бүкілхалықтық референдумда Конституцияға өзгертулер енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президентін сайлауға Сыр халқы айтарлықтай белсенділікпен қатысып, жоғары нәтиже көрсетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен Сыр елінде тың жобалар өркен жайып, ауқымды инвестициялар тартылып, тіректі салаларда серпінді қадамдар жасалды.

Премьер-Министр Әлихан Асханұлы Смайылов жұмыс сапарымен келіп, Қызылорда облысында жасалған жұмыстарды өз көзімен көріп, оң баға берді.

Облыста барлық сала бойынша нәтижелі көрсеткіш бар.

Мұнай өндіру көлемі азайды десек те, экономиканы әртараптандыруға бағытталған айтулы бастамалар мен ауқымды жобалар іске асты.

Облыс тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік нысандар, сумен, жарықпен және газбен қамтамасыз ету мәселелері кезең-кезеңімен шешіліп, елді мекендердің жолдары жөнделіп, салынууда.

Биыл су тапшылығының қиындықтарына қарамастан Сыр дикандары нәтижелі жетістіктерге қол жеткізді.

Еліміз үшін маңызды шыны зауыты іске қосылды.

Шетелдік инвесторлармен жаңа жылу-электр орталығының іргетасы қаланды.

Облыс орталығындағы күрделі мәселенің бірі – автобус мәселесі кезең-кезеңімен шешілуде.

Балалар жылына орай демеушілердің қолдауымен спорттық ойын алаңдары салынды.

«Неке сарайы», «Өнер орталығы», «Қан орталығының» құрылысы жүруде. Демеушілер «Анаға тағзым» орталығын салуда, әуежайдың жаңа терминалы, жаңа стадион мен заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» бой көтереді.

Алдағы 3 жылда аймақта апаттық және үш ауысымды мектептер жойылады. Көптеген денсаулық сақтау нысандары халық игілігіне беріледі.

Негізгі жетістіктерге тоқталып өттім. Бұның барлығы – Сыр азаматтарының адал еңбегінің, жұдырлықтай жұмысқан бірлігі мен тірлігінің жемісі!

Құрметті жерлестер! Ақ пейілді, дархан көңілді Сыр жұрты қашанда береке-бірлігімен, тату-тәтті тірлігімен төрге озған.

Алдағы жыл еліміз үшін, қасиеті мен киесі қатар қонған Сыр өңірі үшін берекеді, табысты жыл болғай!

Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт-берекесімен, ырыс-несібімен, толайым табыстарымен келсін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Жаңа 2022 жыл құтты болсын!

Ізгі ниетпен,  
облыс әкімі  
Нұрлыбек НӨЛІБАЕВ



## СЫНДАРЛЫ ШАҚТАН ШИРЫҒЫП ШЫҚТЫҚ, ЕНДІГІ МІНДЕТ АУҚЫМДЫ



Тарих қойнауына еніп баратын 2022 жыл еліміз үшін сындарлы кезең болды. Тәуелсіз Қазақстан жаңа саяси реформаларға тың қадам жасады. Бүкілхалықтық референдумда Конституцияға өзгерістер енгізу, Қазақстан Республикасы Президентін сайлау – ең ауқымды әрі аса маңызды саяси оқиға болды. Осы тұста Сыр халқы бірлік пен ынтымақтың мызғымас үлгісін тағы бір танытты.

Әділетті Қазақстан құру бастамасы жыл бойы саясаттың, экономиканың, идеологияның алтын діңгегіне айналды.

Жыл алмасар шақта әрбір істің өлекке түсіп, ертеңгі күнгі бағыты пысықталатыны бар. Осы орайда, біз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен жылды табысты әрі нәтижелі қорытындылауға толық негіз бар екенін айтуға тиіспіз. Өңірде заманауи әлеуметтік нысандар салуға, экономиканың барлық көрсеткіштерінде оң динамика қалыптастыруға қол жеткізілді.

Облысымыздың даму жоспары бойынша өңірдің экономикалық әлеуетін арттыру, экономиканың және кәсіпкерліктің жекелеген секторларын қолдау, жаңа жұмыс орындарын құру, сапалы мемлекеттік қызмет көрсету және өңірде әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған жұмыстар өз жалғасын табады.

Нұрлыбек НӨЛІБАЕВ,  
облыс әкімі

### УАҚЫТ БЕЛГІЛЕГЕН МІНДЕТТЕР МЕЖЕСІ

Биыл 11 айда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 0,3 пайызға (171,4 млрд теңге), өнеркәсіптің өңдеу саласы - 8,5 пайызға (216,7 млрд теңге), құрылыс жұмыстары көлемі 21,1 пайызға (106,4 млрд теңге), пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 6,4 пайызға (604,0 мың шаршы метр) және сауда көлемі 2,3 пайызға (555,0 млрд теңге) артты.

Келер жылғы облыстық бюджеттің көлемі 520 млрд теңгеге, яғни жарты триллион теңгеден астам қаржыға бекітілді.

Бұл 2022 жылға ұсынылған бюджет көлемінен (361,1 млрд теңге) 160 млрд теңгеге немесе 45 пайызға ұлғайды.

Бұл қаржы халықтың бірінші кезектегі қажеттіліктерін қанағаттандыратын жобаларға, яғни, инженерлік инфрақұрылымдарға, әлеуметтік нысандар құрылысына жұмсалды.

Ал негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 350,7 млрд теңгені құрап, 31,3 пайыздық өсім қамтамасыз етілді. Бұл өсім динамикасы бойынша республика өңірлері арасында облысымыз 1-ші орында. Ендігі жерде жылдың қорытындысымен барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім қалыптастыруда тиісті шаралар қабылдануда.

Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Өзбекстан Республикасына мемлекеттік сапарындағы ресми делегациясының

құрамында болдық. Сонда өткізілген бизнес-форумға облыстық делегация өкілдері де қатысты.

Форум аясында екі тарап су үнемдеу технологияларын енгізу, минералды тыңайтқыштарды сатып алу және ауыл шаруашылығы техникаларын шығаратын бірлескен кәсіпорын құру, күріш өсіру және ауыл шаруашылығы бағытындағы бірлескен жұмыстарды пысықтадық.

Жұмыс сапарының екінші күні Мемлекет басшыларының қатысуымен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізіліп, шекаралас Науаи облысының хокімі Нормат Тұрсунов екеуіміз екіжақты ынтымақтастықты дамытуды көздейтін арнайы Жол картасына қол қойдық.

Жол картасы аясында Қызылорда өңірі мен Науаи облысы арасында сауда-экономикалық және өндірістік ынтымақтастықты дамыту, инвестициялық және кооперациялық жобаларды іске асыру, білім, мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдету, өзара тауар айналымын ұлғайту және туристік әлеуетті дамыту бағытында жұмыс жүргізу жоспарланған. Демек, біз бауырлас әрі көрші мемлекетпен сауда-экономикалық, сондай-ақ мәдени қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеретін боламыз. Науаи облысы тау-кен, металлургия, химия, энергетика, машина жасау, тоқыма және құрылыс материалдарын өндіруде Өзбекстанның ірі өнеркәсіптік орталығы саналады.

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: Біріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша республикалық штабтың алғашқы отырысы өтті. Жиынға министрлер мен онлайн режимде өңір әкімдері қатысты.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАНЫ УАҚЫТЫЛЫ ОРЫНДАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров бағдарламаны орындау бойынша арнайы Жол картасы әзірленгенін хабарлап, жобасын бекітуге ұсынды. Жол картасы үш негізгі бағыт бойынша жасалған 117 тармақтан құралған, оны іске асыруды қадағалау цифрлық форматта жүргізілмек.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин сайлауалды бағдарлама бойынша жұмыс істеу арнайы терезе (дашборд) негізінде жүзеге асырылатынын мәлімдеді. Ведомство басшысы дашборд арқылы бағдарламаны орындау нәтижелері енгізіліп, артық қағазбастылыққа жол берілмейтінін алға тартты.

Жиынды қорытындылаған Үкімет басшысы сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі Жол картасы алдағы 7 жылда негізгі жұмыс істеу құжаты болатынын айтып, оны орындау бойынша алғашқы есеп келер жылдың сәуір айында енгізілетінін ескертті.

Штаб отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиын өткізіп, Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөнінде арнайы жол картасы бекітілгенін атап өтті.

«Президенттің сайлауалды бағдарламасын сапалы әрі уақытылы орындау – біздің басты міндетіміз. Бағдарламада көрсетілген ауылдың өмір-тұрмысын жақсарту, әлеуметтік маңызды жобаларды қолға алу – кезек күттірмейтін мәселе, сондықтан оны іске асыруға барынша атсалысуымыз қажет», – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімінің  
баспасөз қызметі

## 2,5 ПАЙЫЗДЫҚ НЕСИЕНІ КІМДЕР АЛАДЫ?

2023 жылдан бастап ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны масштабтау шеңберінде қазақстандықтардың тиімді шарттармен шағын несие алу мүмкіндігі болады. Ауыл шаруашылығы министрлігі хабарлағандай, ауылдық елді мекендер мен шағын қалалар тұрғындары бизнес ашуға және жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейтуге шағын несие ала алады.

Сыйақының номиналды мөлшерлемесі жылдық 2,5%, мерзімі 7 жылдан аспайтын, кепілмен қамтамасыз етілген. Несиенің ең жоғары сомасы – 2,5 мың АЕК немесе шамамен 7,9 млн теңге. Ал ірі кооперацияны дамыту үшін – 8 мың АЕК немесе шамамен 25,4 млн теңге. Несие қаражатын беру операторларын облыстардың жергілікті жерлердегі әкімдіктері мемлекеттік сатып алуды өткізу арқылы айқындайды.

Министрліктің баспасөз қызметі ұйымдастырушылық жұмысын ескере отырып, алғашқы микронесие алағандарының бірінші тоқсанының соңында беріле бастайды деп хабарлаған еді.



# СЫНДАРЛЫ ШАҚТАН ШИРЫҒЫП ШЫҚТЫҚ,

Өңірге келген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайловтың сапары да табысты болды. Қолға алған маңызды жобаларды жүзеге асыруға уағдаластық жасалды. Үкімет басшысымен калыптандырылған жобалардың құрылысын жедел бастау, өңірдегі тозығы жеткен электр желілерінің құрылысын салу және қайта жаңғырту, елді мекендерді газдандыруды қосымша қаржыландыру, коммуналдық сала мекемелері жұмысшыларының еңбек ақысын арттыру, суармалы егін алқабына қатысты жобаларды іске асыру (су қоймасы, каналдарды тазалау, т.б.), дарынды балаларға арналған физика-математика интернаттың құрылысын, тағы да басқа әлеуметтік нысандар салу бойынша келісімге қол жеткізілді.

## КӨСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Әрине, кәсіпкерлік біздің әлеуетімізді көтеруде үлкен маңызға ие. Биыл облыста жұмыс жасайтын шағын және орта кәсіпкерлердің саны 29,5 пайызға (66 054 бірлік), жұмыспен қамтылғандар саны 6,4 пайызға (107384 адам) өсті. 2022 жылдың жартыжылдығында шағын және орта кәсіпкерлік жүйесінде 232,5 млрд теңге шамасында өнім өндіріліп, жалпыөнімдік өнімдігі үлесі 15,5 пайызды құрады.

Президент халықты жұмыспен қамту, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесін арттыру міндетін қойған. Осының негізінде кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 20 млрд теңге қаржы қарастырылды. Оның ішінде Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 9,5 млрд теңге бөлініп, 3452 кәсіпкерлік бастама гранттармен, 1198 жоба банктің жеңілдетілген несиелерімен қамтамасыз етілді.

Ауыл кәсіпкерлігін қаржылай қолдау мақсатында «Қызылорда» Өнiрлiк инвестициялық орталығына әртүрлі көздерден 2,9 млрд теңге тартылып, жыл көлемінде 149 жобаға 943,5 млн теңге шамасында шағын несиелер табысты.

Аграрлық несиесіне корпорациясымен бизнестің 645 жобасына 10,1 млрд теңге несиесі ресурстары бағытталып, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және өңірде өнеркәсіпінде біріктер өндіретін іске қосылды.

Осы арада айта кетейік, биыл 11 айда облыста жалпы сауда көрсеткіші 2,3%-ға ұлғайып, 555 млрд теңгені құрады. Оның ішінде, бөлшек сауда айналымы 337,8 млрд теңге, көтерме сауда айналымы 216,1 млрд теңге болды.

Мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде шағын және орта бизнестің үлесін жыл қорытындысымен 20 пайызға жеткізу көзделуде.

Биылғы жылдың 7 қыркүйегінде «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқару торағасы қатысуымен өңірдегі ірі бизнес өкілдерімен кездесу өткізілді. Сол кездесуде отандық өнім өндіру, азық-түлік қорын көбейту, жергілікті тауар-өндіріштерді қолдау, өңдеу саласын дамыту мәселелері ашық талқыланды. Мұнай қорының сарқылуды байланысты газ өндіру көлемін арттыруға басымдық берілгені, өндіріс орындарының жанынан ілесіп зауыттар ашу арқылы жана жұмыс орындары құрылатынын жеткіздік.

## ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ӨРЛЕУ

Өңірде биылғы 11 айда өңдеу өнеркәсібінің өнім көлемі 8,5%-ға артты. Мұндағы басты жаңалық – Шыны зауытының іске қосылуы. Аймаққа сапарында Үкімет басшысы Шыны зауытының өнімі Қызылорда облысында ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша құрылыс индустриясының дамуына серпін беретінін атап өтті.

Бүгінгі күннің өзінде 17 мың тоннаға жуық шыны Астана, Алматы, Шымкент қалаларына жіберілді. Алдағы уақытта Өзбекстан Республикасына экспортталады. Жыл аяғына дейін зауыт 30 мың тонна өнім шығаруды жоспарлап отыр. Ендігі кезекте зауыт айналасында 8-ден астам ілесіп кәсіпорын ашу көзделген. Оның ішінде 2 жобаны іске асыру бойынша жобалау жұмыстары басталды. Оларда композиттік материалдар, айналар өндірілмек. Қалған жобаларға инвестор тарту қолға алынады.

1-бет



## ИНВЕСТИЦИЯ – ІРГЕЛІ ЖОБАЛАРДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Инвестициялық жобалар бойынша біз жұмысты жетілдіре береміз. Оның ішінде аймақ үшін маңызды агроөнеркәсіпті дамытуға бетбұрыс күшейді. Жаңақорған ауданында «Қызылорда – Агроплюс» серіктестігінің томат пастасын өндіру жобасы басталады. Жоба құны – 50 млн АҚШ доллары. Мұның инвесторы әлемнің 13 елінде қызанақ өндірумен айналысатын түрік холдинг компаниясы – Коч Холдинг. Осы компанияның еншілес кәсіпорны – Тат компаниясымен бірлесіп, тампшыланып суару әдісімен 10 гектар жерге тәжірибелік қызанақ тұқымы өсіліп, жана өнім жиіленді.

2022 жылдың тамыз айында төрт тарап арасында (АШМ, Қызылорда облысының әкімдігі, «Орбис Қазақстан» ЖШС, «Тат Гидра» Жол картасы әзірленіп, атқарылатын шаралар мен мерзімдері көрсетіліп, бекітілді. Зауыт құрылысын бастау үшін жобалау жұмыстары әзірленуде.

## КЕҢІШТЕРДІҢ КЕЛЕШЕГІ

Ал тау-кен металлургиясын дамыту мақсатында облысымызда «Шалқия» және «Бала-сауықандық» кеніштерін игеру жобалары іске асырылуда.

«Шалқия» кен орны – дүние жүзіндегі ең ірі бес кеніштің бірі. Жаңадан жасалған стратегияға сәйкес кәсірті уақытта жобаның тау-кен бөлігі мен жерүсті кендері бойынша түзетулер енгізілді.

Бүгінгі күні жерасты кенішінің құрылыс жұмыстары атқарылуда. Комбинат құрылысын жүргізетін мердігер мекеме алдағы жылдың қаңтар айында белгілі болуы тиіс. Мұнда мынаға жуық жұмыс орны ашылады деген жоспар бар. Фабрика 2025 жылы жылына 2 млн тонна кен өңдеуге әлеуетті десек, одан әрі жылына 4 млн тоннаға дейін ұлғайту межесі бар.

Тау-кен металлургия саласындағы екінші жоба – «Бала-сауықандық» кен орнын игеру. Бұл жоба 100% шетелдік инвестордың қатысуымен іске асырылуда. Мұнда 2016 жылдан бастап тәжірибелік-өндірістік кешен жұмыс жасайды. Ванадий кенішінен осы жылдың 11 айында 393 тоннадан аса аммоний метаванадаты Ұлыбританияға, 57,4 тонна ферромобилден Ресейге экспортталды. Өнім көлемін арттыру мақсатындағы жұмыстарды бастадық.

Өңірдегі үлкен проблема – мұнай өндіру көлемінің қысқаруы (жыл сайын 10-12%). Жалпы алғанда, 2013 жылдан бастап өндіру көлемі 60% төмендесе, жұмыспен қамтылғандар саны 23 мыңнан 11 мың адамға дейін, бюджетке түсетін түсімдер көлемі 2,5 есеге қысқарды.

Биыл облыста мұнай өндіру көлемі 303 мың тоннаға азайды. Нактырақ айтқанда, 11 айда 3684,1 мың тоннаның немесе өткен жылмен салыстырғанда 92,4% құрады.

Пайдалы қазбалар бойынша ауқымды геологиялық зерттеулер өткен ғасырдың 40-шы және 60-

шы жылдары жүргізілген және бүгінгі күні облыстың көп бөлігі геологиялық зерттелмеген.

Мұнай қорының сарқылуды байланысты жана геологиялық зерттеу жұмыстарына көңіл бөлулеміз.

Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспарында республикалық бюджет қаражаты есебінен Шу-Сарысу, Сырдария және Арал бассейнінде зерттеу жұмыстарын жүргізу көзделген. Шу-Сарысу бассейнінде өңірлік геологиялық зерттеу жұмыстары аяқталады. Ал Биыл Арал бассейнін зерттеуге 1,9 млрд теңге («Батыс» учакесі – 1 073,6 млн теңге және «Шығыс» учакесі – 866,2 млн теңге) бөлінді.

«Қазмұнай» ҰК АҚ терендігі 5 мың метр тірек-пара-метрлік ұңғымасы бұрғылауды көздеуде. Бұл санатта «Gereto» мұнай технологиялары Корпорациясы» АҚ мұнай және газ кен орындарында қолданылатын химиялық реагенттер шығаратын зауыт салуды жоспарлауда.

Облысымыз Ресей, Өзбекстан, ҚХР, Швейцария, Германия, Италия секілді 50-ден аса мемлекетпен сауда-экономикалық байланыс орнатқан.

Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында облыстың сыртқы сауда айналымы 722,9 млн АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,8 есеге артты, оның ішінде экспорт – 574,5 млн АҚШ доллары (1,9 есеге артты), импорт – 148,4 млн АҚШ доллары (1,5 есеге артты).

Қызылорда облысынан шет мемлекеттерге негізінен шикі мұнай, уран тотығы-шала тотығы, күрші өнімдері, ас тұзы, цемент экспортталса, шет мемлекеттерден дәрілік және медициналық мақсаттағы тауарлар, азық-түлік өнімдері, кара металдан жасалған бұйымдар және киім-кешек, тұқым өнімдері импортталады. Ал облыстың жалпы сыртқы сауда айналымы құрылымдығы өңделген тауарлар экспорттың үлесі 149,6 млн АҚШ долларын құрап, 47,6%-ға артты. Осылайша, сыртқы сауда айналымында 426,1 млн АҚШ доллары мөлшерінде оң сальдо қалыптасты.

## АҒАЙЫННЫҢ АРҚАСҮЙЕРІ – АТАКӘСІП

Аймақтың агроөнеркәсіп кешенінде де ауқымды істер атқарылуда. Биыл жалпы сомасы 401,9 млн теңгеге 3 жоба іске асырылса, 2023 жылы 11 181,0 млн теңгеге 16 инвестициялық жоба жүзеге асырылады.

Жыл басынан бері 169,5 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Биыл 188,5 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Ал негізгі дақыл – күрші көлемі 78,6 мың гектарды құрады. Күрші көлемі 5 мың гектарға қысқартылды, оның орнына суды аз қажет ететін малазықтық, майлы дақылдар, картоп, көкөніс, бақша көлемі 7,3 мың гектарға ұлғайды.

Нақты шараларды жүзеге асыру арқылы суды пайдалану тиімділігін арттыруға және ин-

жерлік жүйеге келтірілген жерлерді сақтап қалып, егін саласын әртарапандыруға мүмкіндік берді.

Биыл дәнді дақылдардан 464,3 мың тонна, оның ішінде күршінен 444,6 мың тонна, майлы дақылдардан 5,8 мың тонна, мал-азықтық дақылдардан 299,0 мың тонна, картоп, көкөніс, бақшадан 418,7 мың тонна өнім алынды.

Мал шаруашылығын дамыту бойынша да жүйелі жұмыстар бар. Өңірде 402,8 мың бас МІҚ, 815,7 мың қой мен ешкі, 200,0 мың жылқы, 60,7 мың бас түйе мен 121,5 мың бас құс өсірілуде. Тиісінше, 35,2 мың тонна ет, 84,3 мың тонна сүт және 7,4 млн дана жұмыртқа өндірілді. Осылайша, ет өндірісі 2,1%, сүт 1,4% және жұмыртқа өндірісі 2,2%-ға артты.

## ӨНІРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Өңір үшін өте өзекті мәселенің бірі – су тапшылығын төмендету. Мемлекет басшысы Сырдарияның жоғарғы ағысындағы мемлекеттермен келіссөз жүргізіп, тиісті көлемде су бөлуіне жағдай жасалды. Барлық қаржы көздерінен жалпы құнындағы мың шақырымнан астам 162 канал тазартылды. 156 дана насос алынып, 52 ұңғыма бұрғыланды, 322 гидротехникалық құрылыс жөндеуде өтті. Осындай нәтижелі жұмыстардың арқасында егістік жерлер сумен толық қамтамасыз етіліп, көлдер жүйесі суландырылды.

Су шаруашылығын дамыту алдағы уақытта да жалғасын табады. Айталық, «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға қарай 16 канал инфрақұрылымы қалыптастырылды. Қазіргі таңда «Қазушар» РМҚ облыстық филиалы 5 каналдың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеп, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды. Бұған қоса, облыстың егіс көлемінің 60 пайызын сумен қамтамасыз ететін «Шіркейлі» каналына су бөлуді автоматтандыру үшін Австралияның «Рубикон» компаниясы зерттеу жүргізуде. Аталған шаралар арқылы су беруді реттеп, пайдалану тиімділігін арттыруға, егін саласын дамытуға мүмкіндік жасалады.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен Су саласын дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірлеуде. Оған өңірдің өзекті су шаруашылығы мәселелерін енгізу үшін ұсыныстар әзірленуде. Алдағы жылы су көлемі артады деп күтілуде.

## ҚҰРЫЛЫС САЛЫНСА, ТҰРМЫС ЖАҚСАРАДЫ

Биыл облыста құрылыс саласы да ерекше қарқын алып, өткен жылмен салыстырғанда 21,1 пайызға өсті. Құрылыс көлемі 106,4 млрд теңгеге жетіп, 604 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Жыл басынан аймақта 115 нысан құрылысы жүргізіліп, бұл мақсатқа бюджеттен 24,2 млрд

теңге бөлінді. Оның ішінде, білім саласында 12 нысан – 9 мектеп, 2 балабақша мен Оқушылар үйі, денсаулық сақтау саласында 6 нысан – емхана, Қан орталығы, 3 амбулатория мен аурухана, мәдениет саласында 8 нысан – мәдениет үйі, 6 ауылдық клуб пен Өнер үйі, спорт саласында 17 нысан бар.

1422 пәтерді құрайтын 32 тұрғын үй құрылысы жүргізілді. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту бойынша 38 жоба жүзеге асырылды.

Өңірде заманауи үлгідегі жаңа әлеуметтік нысандар салу бастамасы сәтті іске асырылуда. Сондай бастамалардың бірі – облыс орталығындағы «Өнер орталығы» мен «Неке сарайының» құрылысы басталды. Бұдан бөлек, келер жылы сол жағалауда «Қан орталығы» ел игілігіне берілді.

Алдағы жылдары да құрылыс көлемі ауқымды болатынын айта кеткен жөн. Әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй құрылысына бюджеттен барлығы 41,6 млрд теңге бөлініп, 137 нысан құрылысы жүргізілетін болады.

Білім саласында 22,3 млрд теңгеге 22 нысан бой көтереді. Оның 10-ы – «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынатын жаңа мектептер. Денсаулық сақтау саласында 5,2 млрд теңгеге салынатын 16 нысанның 12-сі дәрігерлік амбулатория және құны 36,5 млрд теңгеге құрайтын, ауысымына 100 келушіге арналған емхана мәселесі шешілуде. Сол жағалауда онкологиялық орталық, Қан орталығы салынып, Арал қаласында туберкулезге қарсы орталық жаңғыртудан өтеді. Бұл – тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға себеп.

4,5 млрд теңгеге 11 мәдени нысан, спорт саласы бойынша 7 нысан, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту бойынша 62 жоба жүзеге асырылады.

Бюджет есебінен аймақта алаш рет жеті қабаты 6 тұрғын үй салу жоспарланған.

Биыл туған жерін тұлғатуге аталысып жүрген меценаттар мен кәсіпкерлер 9 млрд теңгенден астам демеушілік жасап, ауқымды жобалардың жүзеге асынуына қолдау көрсетті. Олардың ішінде белгілі кәсіпкер, меценат, «Парасат» орталық иегері М.Дүйсенбаевтың қолдауымен 1,5 млрд теңгеге «Анаға тағзым» орталығы салынууда. Нысан келер жылы мамырда пайдалануға беріледі.

Өңірдің Түркістан аймағымен шекараласатын тұсынан 200 млн теңгеге облыстың кіреберіс қалқасы да бой көтеруде.

Жанақорған ауданында 790 млн теңгеге заманауи демалыс паркі тарту етіліп, Арал ауданының Тоқабай ауылындағы апатты деп табылған мектеп жеке инвестор есебінен 500 млн теңгеге қайта салынууда. Сырдария ауданының Нағи Илиясов ауылында құны 350 млн теңгеге құрайтын «Еңбекшілер аллеясы» бой көтерді.

«ҚазМұнай» бірлескен кәсіпорнымен келісім нәтижесінде облыс орталығында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» жобасы басталады. 2023 жылы 7 мың адамға арналған «Қайсар» футбол командасы жана стадионының құрылысын бастау жоспарда бар. Жаңа стадион құрылысына «Саутс Ойл» компаниясы демеушілік етуге ынта білдіріп, жобалау жұмыстары атқарылуда.

## ЖАЙЛЫ ЖОЛДАР ЖЕЛІСІ КЕҢЕЙЕДІ

Аймақтың автожол саласына да ерекше көңіл бөлінуде. Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 17,6 млрд теңге бөлініп, 368 шақырым автомобиль жолдары мен көшелер, көпір өткелдері жөндеуден өтті. Осылайша, облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық көрсеткішінің үлесі 82 пайызға жетті. Ал алдағы жылы республикалық бюджеттен 14,7 млрд теңгеге осы саладағы жұмыстар жалғасалды. Бұл көрсеткіш биылғымен салыстырғанда 2 есе көп.

Келер жылдың соңына дейін облысқа республикалық бюджеттен 12,6 млрд теңге көлемінде инвестиция тарту жоспарда тұр. Сонымен қатар, жергілікті жеткіліс дамытуға облыстық бюджеттен 10,9 млрд теңге қаржы бағытталды.

Ақтөбе бағытындағы автомобиль жолында жүк көліктерінің ағымы жыл сайын орта есеппен 10 пайызға артып, тәулігіне 10 мың көлікке жетті.

Осыған байланысты Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейін 566 шақырымды 1-ші техникалық санатқа ауыстыруды уақыт талап етуде. Индустрия және инфра-

құрылымдық даму және Қаржы министрліктері бірлесіп, осы жол учакесін ІІ санаттан І-санатқа (екі жолақтың төрт жолақтыңға) ауыстыруға жоба-сметалық құжаттама әзірлеу үшін 2023 жылы республикалық бюджеттен қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыруға үкіметке ұсыныс жасалды.

Жол саласында өзекті мәселелердің біріне айналған «Қызылорда – Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Жоба үш жылда аяқталады.

Қалалық жолшылар тасымалын тиімді ұйымдастыру мақсатында автобус паркі жаңартылды. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы үлкен сыйымдылықтағы 150 автобуска тапсырыс берілді. Бүгінде оның 100-і келіп, жолшыларға қызмет көрсетуде. Қалғаны алдағы жыл басында жеткізіледі. Қаладағы қоғамдық көлік мәселесін түпкілікті шешу мақсатында келер жылы тағы 150 автобус сатып алуға 1,4 млрд теңге қарастырылуда.

Облыстың әуе қатынасын дамыту үшін жаңа әуежай терминивалын салу жөнінде шешім қабылданды. Құны 25 млн доллар жөнінде нысанды салу жеке инвестор Болат Өтемуратов қоры есебінен жүзеге асырылады. Әуежай құрылысы алдағы аптаны айында басталып, 2024 жылдың қыркүйегінде аяқталады. Ал әуежайдың қазіргі терминалы 100 млн теңгеге ағымдағы жөндеуден өтті.

## ТІРШІЛІК КӨЗІ – ЖҮЛЫ МЕН ЖАРЫҚ

Өңірді жылумен қамтамасыз ету де – өзекті мәселенің бірі. Облыстағы электр және жылу энергиясын өндіретін жағды кәсіпорны – «Қызылордажылу-энергорталығы». Өткен ғасырдың 60-шы жылдары пайдалануға берілген орталықтың бүгінде 80 пайыздан астамы тозығы жетіп, қажетті электр қуатының 30 пайызы ғана қамтамасыз етуде. Қалған 70 пайызы сырттан сатып алынады.

Онүстік өңірлерді үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету туралы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында құны 215 млрд теңгенден асатын, қуаттылығы 240 мегаватттық электр энергиясын және 277 гигакалория жылу энергиясын беретін бу-газ қондырғысын салу қолға алынды.

Нәтижесінде, аймағымыз электр энергиясына тәуелділіктен арлып, өңіріміздің энергия қауіпсіздігі сақталатын болады. Жоба «Акса Енерджи» түрік компаниясының инвестициясы есебінен, қолданыстағы «Қызылорда-жылу-энергорталығы» аумағында салынады.

Облыстағы 208 шақырым жылу құбырларының 47 пайызының тозығы жеткен. Сондықтан алдағы жылы республикалық бюджеттен 14 жобаны іске асыруға 16 млрд теңге қажет. Қазіргі таңда 5 жобаның сараптама қорытындысы алынып, салалық министрлікке ұсынылды. Қалған 9 жоба қатысты республикалық бюджетті нақтылау кезінде жұмыс жасаймыз.

## «КӨГІЛДІР ОТЫН» КӨПТІҢ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ

Облысты газдандыру бойынша да жұмыстар жалғасуда. Аймақ тұрғындарының 67 пайызы табиғи газбен қамтылып, Қызылорда, Арал, Қазалы және Байқоры қалалары толық газдандырылған. Бұдан бөлек, 6 аудан орталығы мен 13 ауыл «көгілдір отын» иілігін көріп отыр. Күні кеше, 26 желтоқсанда Қазалы ауданының Пірімов, Басықара, Жантөс ауылдарын газдандыру аяқталып, газ берілді.

Биылдан бастап Қармақшы ауданы Төртетам кенті мен Ақай ауылы, Арал ауданы Секеуіл кентін газдандыру және Шилі ауданында Тартоғай елді мекенінде автоматты газ тарту станциясын орнату жобалары жүзеге асырылуда. Шилі ауданының Алғабас, Ақма ауылдары, Теренөзек кентіндегі газдандырылған көшелер «көгілдір отынға» қосылды.

2023 жылға республикалық бюджеттен 7,5 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржыға биыл басталған Төртетам кенті, Ақай, Секеуіл кенті мен Бірлік ауылы, Мұстафа Шоқай ауылындағы АЛТС (автоматты газ тарту станциясы) құрылысы, Қызылорда қаласына қарасты Наурыз және Махамбетов ауылын газдандыру жобалары жалғасын тауып, 8 жана жобаның құрылысы басталады.



ЕНДІГІ МІНДЕТ АУҚЫМДЫ

Биыл 14 жобаны жүзеге асыруға 8,7 млрд теңге бөлінді. Жыл басында газдандыруға республика бюджетінен 2,7 млрд теңге берілген болса, жыл аяғында бұл қаржы 3 есеге дейін өсті.

ТҰРҒЫНДАР АУЫЗ-СУДАН ТАПШЫЛЫҚ КӨРМЕЙДІ

Адамның тіршілік тізбегіндегі ауысуының орнын ештенемен алмастыра алмайтынымыз анық. Осыдан 10-15 жыл бұрын ауылды былай қойғанда, қала орталығында бұл мәселе өте өзекті еді. Қазір Қызылорда, Арал, Қазалы, Байқоңыр қалаларында түйткіл тойлық шешілген. Өңірдегі 230 ауылдың 97,8 пайызы, яғни 198 ауылдың тұрғындары үйді-үйде ағып тұрған тіршілік нәрін пайдаланып отыр. Су тартылған соң ауылдарда қаладағыдан еш кем түспейтін, тұрмыстық техникалармен жабықталған тұрғын үйлер бой көтерді.

Мемлекет басшысының елді мекендерді 2025 жылдың соңына дейін түгелдей сумен жабықтау тапсырмасына орай, 20 елді мекен топпық су құбырына қосылып, ішкі жүйелер салынады. Су тазарту қондырғысы орнатылады. Оның ішінде 12 елді мекенге ауылшкіл су жүйесі жүргізіледі, 8 елді мекенге кешенді блок-модуль орнатылады.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасымен 20 жобаға бөлінген 5,4 млрд теңгеге ауызу және көріз жүйелерін жаңғырту бойынша 8 жоба жүзеге асты. Оның игілігін Арал ауданындағы Көктем, Жалағаш ауданындағы Жалағаш кенті, Аққұм, Мәдениет, Қармақшы ауданындағы Қармақшы, Көкөмбаев, Алдасбай ахун, Жанакорған ауданындағы Жанакорған кенті, Еңбек, Төменарық, Сунаката, Екібінді ауылдарының және Қызылорда қаласының тұрғындары көруде. Біткен істің нәтижесінде тоқтасқандықтан, 74 шақырым ауызу және 4,3 шақырым көріз желісі жаңартылған, 74 мыңнан астам адамға көрсетілетін сумен қамту және су бұру қызметі жақсарғанын айтуға болады. Келесі жылға бөлінген 4,5 млрд теңгеге Қызылорда және Байқоңыр қаласында ауызу, көріз жүйелері жаңғыртылады.

Уақыт алға жылжыған сайын электр қуатына сұраным еселеп өсіп барады. Біздің өңірдегі әртүрлі кернеудегі 10 мың шақырымнан асатын электр желісі мен 2 мыңға жуық қосалқы станцияның негізгі бөлігі өткен ғасырдың 60-70-жылдары қолданысқа берілген. Жұрттың қарсаңында астам уақыттан бері үздіксіз пайдаланылғандықтан, 68 пайызының тозығы жетті. Осы ретте, қазір «ҚРЭҚ» АҚ 5 қосалқы станцияны жаңғырту жобасын әзірлеуге кірісті. Олардың құны шамамен 10 млрд теңге болады. Құны 3,4 млрд теңге болатын Жанакорған кентіндегі электр желілерін жаңғырту жобасын бастауға «Ауыл – ел бестігі» бағдарламасы бойынша биыл 900 млн теңге бөлінді. Ұзындығы 300 шақырым желінің 70 шақырымы ауысты, 23 қосалқы станция орнатылды. Жоба алдағы жылға өтеледі.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР

Арал өңірі халқының тұзу тұрмыс-тіршілігі үшін балық шаруашылығының өмірлік маңызын «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы нәтижесінде, балық аулау көлемінің 20 есеге ұлғайғанын байқауға болады. Қазір Кіші Арал мен 207 көлден балықтың 14 түрі ауланады. Жұмыс істеп тұрған 10 балық өңдеу зауытының 4-де еуропалық сапа стандартын растайтын «Еврокод» белгісі бар. Осы кәсіпорындарда 500-ден астам адам тұрақты жұмыс істейді. Мәліметтерге қарағанда, 11 айда ауланған 6908,7 тонна балықтың 4517 тоннасы Ресей, Германия, Грузия, Литва, Польша, Нидерланды, Әзербайжан, Венгрия, Австрия, Чехия елдерінің нарығына экспортталды. Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасында 2030 жылға қарай экспортты 2 есеге, тауарлы балық өндіру көлемін 111 есеге арттыру көзделген. Бұл 500-ден астам жаңа жұмыс орнын құруға, 16 шарбақтық, 12 тоған шаруашылығын, 3 түйік жүйелі сумен қамтамасыз ету құрылысына іске қосуға, тауарлы



балық өсіру шаруашылықтарының санын 55-ке жеткізуге жол ашады. Бүгінде 6 тоған шаруашылығы толығымен іске қосылып, қолтауарлы шаруашылық саны 70-ке жетті. Бағдарламаға сәйкес 11 айда 390 тонна тауарлы балық өсірілді. Бұдан бөлек, 6 шарбақтық шаруашылық құру үшін Қамбаш су айдынының ұсақемелеріне биологиялық негіздеме әзірленіп, паспорты жасалды. Балық жемін сатып алуға жұмсалатын шығындардың 30%-ын субсидиялауға облыстық бюджеттен 8,4 млн теңге бөлініп, игерілді.

Кіші Арал теңізіндегі қазы санын қалпына келтіру үшін облыс генофондын сақтаудың жобасы жасалды. Облыс аумағындағы күршіткі алқаптарынан, каналдар мен қашырқылардан және су айдындарынан 10 мың дана қазы шабағы жиналды. Екі жаздық деңгейге дейін жеткізіліп, Сырдария өзені мен көлдерге жіберілді. Аралдықтардың туған жердің даңқын аспандатқан, қаншама жанның өмір өзегін жалғаған атақөсіп – балықшылыққа құрметі ерекше. Биыл Арал қаласының 95 жылдығында және Арал өңірі балықшыларының VI слеті қарсаңында «Балықшылар аллеясы» қайта жаңғыртылып, облыс аралық «Балықшылар монументі» ашылды.

ТАЗАЛЫҚ ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Мемлекет басшысы қоғамда экологиялық құндылықтарды орнықтыруға үйдейтін «Bірге: Taза Qazaqstan» экологиялық акциясын жүйелі түрде өткізуді тапсырғаны белгілі. Мемлекеттік мекемелер мен жеке ұйымдар, еріктілер мен тұрғындардың күшімен 3 441 тұрғындан астам қоқыс қалдығы шығарылды. Жалпы тазалық тақырыбын қозғағанда, оның ең біріншісі өзмізге керек екенін, сырттан ешкім келіп қоспайды, ауылымды тазалап бермейтінін ұмытпағанымыз абзал. Осы жұмыстарды жандандыру үшін келер жылдан бастап, конкурстар арқылы «Үздік аудан», «Үздік аудан орталығы», «Үздік ауыл» және қала ішіндегі «Үздік мөлтек ауданды» анықтайтын боламыз.

«Үздік аудан орталығы» номинациясы бойынша бірінші орынға арнай жол тазалағыш КамАЗ және қалдық тасымалдаушы МА3 автокөлігі, ассенизатор мен кран-манипулятор берілсе, екінші орынға қалдық тасымалдаушы көлік, ассенизатор және жол тазалаушы трактор, ал үшінші орынға ассенизатор мен жол тазалаушы трактор берілді. «Үздік ауыл» номинациясын иеленген үш ауылға, яғни бірінші орын алған ауылға жер қазатын трактор мен самосвал ЗИЛ автокөлігін, екінші орынға жер қазатын трактор мен тіркеме, ал үшінші орынға жер қазатын трактор табыстымыз.

Облыстың келбеті бас шаһарымыздан көрініп тұруы қажет. Сондықтан да, осындай номинация марапаты аймағымыздың орталығы – Қызылорда қаласындағы шағын аудандарға да берілетін болады.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ӨРДАУМЫ НАЗАРДА

Әлеуметке бағдарланған мемлекеттің басты бағыты – жалпы қоғамның мүддесін алға қою. Бұл

еліміздегі жылдан жылға ауқымы кеңейіп келе жатқан әлеуметтік бағдарламалардың бедерінен көрінеді. Желтоқсанның 1-дегі мәліметке сәйкес, аз қамтамасыз етілген 15 662 отбасына әлеуметтік көмек, 11827 отбасына АЕК төленді, балалар көпірлендірілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз етілді. Коммуналдық қызмет шығындарын өтеуге 3835 отбасына тұрғын үй көмегі көрсетілді. Жекелеген санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететіндер де назардан тыс қалған жоқ. Бюджеттен тыс қолдардан көмекке мұқтаж халықтың әлжуаз топтарына 287,3 млн теңгеге қайырымдылық көмек көрсетілді. Ұлы Жеңістің 77 жылдығында ардагерлер мен тыл еңбеккерлері материалдық және әлеуметтік көмек алды. Аға бұныға құрмет олардың хал-жағдайын біліп тұру, тарихи орындарға саяхатқа апару, спорттық жарыстар ұйымдастыру сияқты шаралар арқылы айшықтала түсті.

Мүгедектігі бар адамдармен біз бәрміз бір қоғамда, бір қалада өмір сүреміз. Сондықтан олардың физикалық мүмкіндігі жетпегенді жалған жіберудің, ерекше қамқорлық көрсетудің маңызы зор. Олар оналтұнды жеке бағдарламасын әлеуметтік қызметтер порталы арқылы орындауға белсенді қатысуға. Біз өз тарапымыздан әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын бейімдеуден өткізу сияқты жұмыстарды үйлестіріміз.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТУДА ЖАҚСЫ НӘТИЖЕ БАР

Жұмыссыздық деңгейін төмендету – атқарушы билік жұмысын бағалайтын маңызды критерий. Бұл мәселені шешуге жақсы баға алу үшін ұмылмаймыз. Мұның түп негізінде әр адамның тұрмыс-тіршілігіне өзік болатын жұмысы, кәсібі болса деген жанашырлық тұр. Жұмыссыздықтың 5 пайыздан 4,9%-ға, жастар арасындағы 4,1 пайыздан 4,0 пайызға төмендету көзделуде. Жыл басынан бері құрылған 28 мыңнан астам жұмыс орнын 30 490-ға жеткізсе дейміз. Оған қоса 3401 жұмыссыз тұрғынның кәсіпкерлік бастамасына 1,2 млн теңгеден қайтарымсыз грант берілді. Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі жұмыс беруші мен іздеуші арасына алынғанды қауыпсыз етіп, екі қолға бір күрек тапқандар қатары артты.

БІЛІМГЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ ЕСЕЛЕП ҚАЙТАДЫ

Жас ұрпақтың біліміне салынған инвестицияның еселеп қайтатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Құндылықтар алмасып жатқан дәуірде білімнің орны өз биігінен төмендемек емес. Тарихқа еніп бара жатқан жылда 206,8 млрд теңге білім салынып бөлінді. Жыл ішінде 17 жекемешкік балабақша ашылды,

2 мемлекеттік балабақша жаңа ғимаратқа көшірілді. Күні кеше Қазалыда тағы бір жаңа балабақша іске қосылды. Қазір 2-6 жастағы балғындардың 85,6%-ы, 3-6 жастағылар 100% балабақшаға баралы.

Жекемешкік балабақшалар сияқты жекемешкік мектептер үлесі артты. Бүгінде 9 мектептің 6-ның (3 мемлекеттік, 3 жеке) құрылысы тапсырылып, 2 апатты мектеп мәселесі шешімін тапты. Үш мектеп 2023 жылға өтеледі. Облыс орталығында бала саны бойынша үш ауысымдық оқытуға ауысуы мүмкін 6 мектеп бар. Қазір екі мектепке қосымша ғимарат құрылысы салынуға, екі мектептің жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Тағы 2 мектептің мәселесі жаңадан пайдалануға берілгенді есебінен шешімік. Күрдәлі жөндеуден, жаңғыртудан өткен мектептер, Жалағаш ауданындағы 27 Оқушылар үйі, Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданынан ашылған 150 орындық 2 мектеп-интернат бұл саланың жұмысына серпін бергені анық.

Бәрімізге белгілі, стратегиялық жоспарлар мен ұзақмерзімді бағдарламалар алдағы жылдар алға тартатын мәселелерді терең зерттеп-зертделген соң жасалады. Біз де оқушылар санының осы динамикасы мен апатты мектептерге талдау жүргіздік. Нәтижесінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы үш жылда 15 100 орынға арналған 21 мектептің құрылысын салу жоспарланды отыр. Бұл жоба жүзеге асығанда үш ауысымды және апатты мектептер мәселесіне ыңғайлы соқпайтын боламыз.

Бүгінгі еңбек нарығын зерттеушілердің деректері көп нәрсеге көзімізді жеткізеді. Ақпараттық технологиялар дәуірінің кең алқымына көп мамандық жұтылып кететін тәрізді. Мамандарды оңды-солды оқыта берудің уақыты өткенін байқап жүрміз. Өңір экономикасына қажетті мамандықтар тізбесіне сәйкес колледждерге 4 708 орынға мемлекеттік грант бөлінді. Келесі жылы 425 орындық 4 жатақхананы пайдалануға беру жоспарланады. Бұл – колледждерде жатақхана мәселесі болмайды деген сөз. Ендігі міндет – еңбек нарығына сай мамандар даярлау.

БАЛАНЫҒ ҚУАНЫШЫ БӨРИНЕН ҚЫМБАТ

2022 жыл «Балалар жылы» деп аталды. Дегенмен оларға қамқорлық жасау, болашағына даңғыл жол ашу бастамалары бір жылмен шектелмейтін аян. Атаулы жылда жеткіншектерімізге бұрынғыдан да көбірек көңіл бөлуге, асқақ армандарына басқан қадамдарын демеуге тырыстық. Түрлі форматтағы 12 мыңға жуық шара ұйымдастырылып, оған 200 мыңнан аса бала қамтылды.

Балдырғандарға тарту ретінде демеушілер есебінен қала және аудандарда құны 1,6 млрд теңгеге 80 спорт-ойын алаңы салынды. Қызылорда қаласында көпбалалы 50 отбасыға, 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні аз қамтылғанды, көпбалалы 50 отбасыға пәтер кілті табысталды. Сол жағалаудан «Оқушылар сарайын» салуды қолға алған «ҚазГерМұнай» кәсіпорнының бастамасы қосымша білім берудегі түйткілдерді шешудің бір тетігі болады.

Балалардың қауіпсіздігі, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу үшін мектептерге бейнебақылау, тур-

никет, дабыл түймесі орнатылып, бейнебақылау полиция бөлімдері мен жедел басқару орталығына қосылған. Ерекше қажеттіліктері бар балалар қоғамнан бөлінебей, ортаға бейімделсе деп инклюзивті білім беруді дамытудың Жол картасын іске асырдық.

МЕДИЦИНАНЫҒ МӘСЕЛЕЛЕРІ УАҚЫТ КҮТТИРМЕЙДІ

Кейінгі жылдары медицина ғылымындағы, жалпы саладағы жаңашылықтармен қатар бұрын естіп-білмеген дертердің түрі көбейгені жасырын емес. Бұл саланы дамытудың стратегиялық, басқа да жоспарларын ұдайы жетілдіріп отыруды талап етеді. Бір ғана коронавирус инфекциясы таралуының мысалы көп жағдайға көзімізді жеткізді. Бүкіл әлемді тарының қауызына сыйғызған індет бірінші байлығымызды бағалай білуге үйретті. Медицинаның бастапқы, алдын алу, стационарлық, жедел жәрдем, тағы басқа желілеріндегі жетпес тұстар көзге айқын көрінді. Құрылысы аяқталған Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде аудандық емхана ғимараты, шалғай елді мекендердегі медицина нысандары, олардың медициналық құрал-жабдықтармен толықтырылуы, жедел жәрдем коллктрның жанырауы осы олқылықтардың орын толтырады деп отырмыз.

Оған қоса өңірдің жедел және шұғыл қажеттілігі, Арал аймағы үшін маңызы ескерілген нысан – Қызылорда қаласынан бір ауысымда 100 келуші қабылдайтын емханасы бар 300 төсек-орнына арналған көбейінді аурухана (онкологиялық бөлімшемен) құрылысы бастауға алдағы жылға 750,0 млн теңге бөлінді. Бүгінде конкурстар арқылы жүргізілуде.

Алдағы жыл – «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасына старт берілетін жыл. Ол бойынша 27 нысан, атап айтқанда, 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 медициналық бекет салынабақ, 16-сы келесі жылдан бастау алады. Қызылорда қаласындағы «Қан орталығының» құрылысы жалғасады.

Ана мен бала денсаулығы – медицинаның ең өзекті әрі көкейтесті мәселесі. Ана мен бала өлімі көрсеткішін төмендетуге күш саламыз. Кейінгі 3 жылда, мәселен 2020 жылы 12 жағдай, 2021 жылы 9, 2022 жылдың 11 айы бойынша 6 жағдай тіркелді. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстардың арқасында соңғы 11 айда саби өлімі төмендеді.

ЕЛДІ БІРКІТІРГЕН ЕЛЕУЛІ ШАРАЛАР

Сыр топырағынан талай талантты тұлғалар тулап ұшқан. Қазақ өнері, әдебиеті мен мәдениетін асқақтатқан олардың есімін жаңғыртуға туған жерде атқарылған жұмыстар көзге түсетін белгілі. Тарих қойнауына еніп бара жатқан жылда КСРО

Сал саладағы бастамалар мен жүзеге асып жатқан істерді ой елегінен өткізгенде бәрінің басында бірлікті ту еткен, татулықты жыр еткен киелі өлкенің ынтимақты халқы тұраған жан-тәнімнен сезінісің. Тұрақтылық деген құндылықтың қанаиалықты қымбат екенін де тарихқа көшіп баратын жылдың басы айқын аңаартты.

Жыл басы қатты болсамен, жыл көлемінде қиыншылықтан шырғағып, ауқымды істерді қолға ала отырып, нәтижесінде жылтымызды жылтымықпен қорытындылауғамыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың пәрменді бастамаларымен Әділетті Қазақстан қалыптастырудың дәуірі туы. Тұрғындары еңбек қоғамына тарту жұмыстарына бет бұрылуда. Президенттің «Еңбекқорлық ұлт сапасының сипатын анықтайтын қасиетке ие болуы тиіс» деген бастамасының маңызын баршамыз біреуі ұғынуымыз қажет.

Кез келген білікті де іскер басшының бастамалары халықтың ерік-жігері мен қолдауына, сеніміне, оны жүзеге асыру құшшынысына ие болумен ана табысқа жетеді.

Үкімет соған сай барлық мүмкіндікті қарастыруда. Ал біздің облысымызда жыл өзегіндегі көрсеткіш жосарыда айтып өткендей сипатқа ие болды. Әрине, алда атқарылатын шаруа көп, тек сол еңбекте елдің бірлігі асқақ бола берсін деп тілейік.

және Қазақстанның халық бейнебақылау полиция бөлімдері мен жедел басқару орталығына қосылған. Ерекше қажеттіліктері бар балалар қоғамнан бөлінебей, ортаға бейімделсе деп инклюзивті білім беруді дамытудың Жол картасын іске асырдық.

Қазақстанның халық бейнебақылау полиция бөлімдері мен жедел басқару орталығына қосылған. Ерекше қажеттіліктері бар балалар қоғамнан бөлінебей, ортаға бейімделсе деп инклюзивті білім беруді дамытудың Жол картасын іске асырдық.

Облыс спортшыларының Қазақстан Республикасының чемпионаты мен кубоктарындағы, Әлем және Азия чемпионаты мен кубоктарындағы жеңістеріне бүкіл ел қуанды. «Қазақстан барысы» турнирде үшінші рет біздің сырбойылдық жігіттердің мерейі үшін болды. Бұл мерей – балуан Мақсат Исғабаловтың жеңісі. Облыс спорттың тарихында тұңғыш рет Әсел Серікбай Италияда 20 жасқа дейінгі шахматшылар арасынан Әлем чемпионатының күміс жүлдесін иеленіп, гроссмейстер атанды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан баына қаржыландыру бойынша «Артспорт» бағдарламасы іске асырылуда. 2022 жылға осы мақсатқа 1 млрд 939,8 млн теңге қаржы бөлініп, игерілді. Бүгінгі күні шығармашылық тапсырыс бойынша 60 өнім берушімен 40 жанрда 412 үйірме жұмыс жасама, спорттық тапсырыс бойынша 52 өнім берушімен спорттың 17 түрінде 205 секция жұмысын жүргізуде. Шығармашылық тапсырыс бойынша үйірмелер жұмысы үйлестірілді.

Саладағы құрылыс жүріп жатқан 17 нысанның жыл ішінде 4-і пайдалануға берілді. Қызылорда қаласында құрылысы басталған 1000 орындық заманауи конференц-залы «Өнер сарайы» ауқымды шаралар өтетін, келушілердің жан дүниесін байытатын концерттер ұйымдастырылатын ордаға айналмақ.

АШЫҚТЫҚ – АЛҒА ЖЕТЕЛейТІН ҰСТАНЫМ

Мемлекет басшысының Жарлығы және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында қай кезде де ашықтық қанғидатын ұстанамыз.

Құқық қорғау органдарының басшылары және орынбасарларымен бірге барлық аудандарды аралап, жергілікті тұрғындармен кездесіп, өзекті мәселелерді бірге анықтадық.

Қоғамдық қабылдау кезінде өзіміз 600-ге жуық тұрғынның мәселесін сараласам, құқық қорғау органдары басшылары 400-ге жуық халықтың ұсынысына құлақ асты. Осылайша 8 айдың ішінде облыс көлемінде барлығы мыңға жуық азаматтың мәселесі қаралды.

Жеке қабылдау сәтінде жағдайы аса мұқтаж отбасыларға уақытша басына беру, денсаулығы қиын балаларға ем алу үшін қайырымдылық қорлары арқылы көмектесу, көпбалалы отбасыларға азық-түлік жеткізетін алып беру, қоғамдық жұмысқа орналастыру сынды өтініштер сол сәтте шешілді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Қызылорда қаласында

ДЕМЕУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУЫМ ЕН ТҰРКІСТАН ОБЛЫСЫМ ЕН ШЕКАРАЛАС ЖАҚА КІРЕБЕРІС ҚАҚПАСЫ САЛЫНУДА

2022 жылы

Құны 200 млн. теңге

2023 жылы ҚОРҚЫТ АТА

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭУЕЖАЙЫНЫҒА ЖАҚА ТЕРМИНАЛЫ САЛЫНАДЫ

Құны 12 млрд. теңге

"БОЛАТ ӨТЕМУРАТОВ ҚОРЫНЫҒА" ДЕМЕУШІЛІГІМ ЕН ЖҰЗЕГЕ АСАДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА

ЖАҢА ТОМАТ ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ

2023 жылы

Құны 50 млн. АҚШ доллар

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА

АРАЛ АУДАНЫНЫҒА ТОҚАБAY АУЫЛЫНДА ДЕМЕУШІ ЕСЕБІМЕН 100 ОРЫНДЫҚ ЖАҢА МЕКТЕП САЛЫНУДА

2022-2023 жылы


Құны 500 млн. теңге

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА

ШЫНЫ ЗАУЫТЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

2022 жылы

Құны 68,5 млрд. теңге

ТУҒАН ЖЕРГЕ  
ТАРТУМеценаттық  
мұраты –  
көптің игілігі

Меценаттық туралы сөз қозғалғанда, Алаш ардақтыларына демеуші болған дәулетті жандар туралы тарихи деректер назар аудартады. Олар мектеп, медресе ашқан, роман бөйгесін жариялаған, газет-журналдардың жарық көруіне атсалысқан, талапты жастардың оқу ақысын төлеген. Кеңес үкіметі санамызға сыналған енгізілген «Байлар жаман» деген түсінікті түбірімен қате екеніне осы мәлеметтерді оқу арқылы көз жеткіздік.

Сб Гүлжазира  
ЖАЛҒАСОВА,  
«Сыр бойы»

Қазір де туған жерінің өркендеуіне, жерлерінің жайлы тұрмысына қолғабыс тигізіп, түрлі іс-шараларға демеушілік жасайтын, игіліктің басы-қасында жүрген жандар жеткілікті. Демеушілікпен ұдайы, мақсатты түрде айналысатындар елдің, өңірдің әлеуметтік тұрғыда дамуына өз үлестерін қосып жатыр.

Аймақта айналасы 5-6 айдың ішінде жанаушы меценаттар, кәсіпкерлер 9 млрд теңгеден асатын қаржы жұмсап, демеушілік жасаған. Қызылорда қаласында белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Аналар үйінің» құрылысы жүргізіліп жатыр. Орталық алдағы мамыр айында пайдалануға беріледі.

Қаланы қақпасынан таныту үшін Түркістан облысымен шектесетін тұста 200 млн теңгеге кіреберіс қақпа салынууда. Жанакорған ауданында құны 790 млн теңге болатын заманауи демалыс паркі ашылып, көпшілік жиналатын көрікті орынға айналды.

Сырдария ауданы Н.Ильясов ауылында 350 млн теңге қаржыға «Еңбекшілер паркі» бой көтерді.

Арал ауданы Токабай ауылындағы апатты жағдайдағы мектепті қайта салуға жеке инвестор есебінен 500 млн теңге бөлінді.

Жерлесіміз Болат Өтемұратовтың қолдауымен «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалына 12 млрд теңге қаржы салынып отыр.

Жобалау жұмыстары аяқталған нысанның құрылысы басталып, 2024 жылы ел игілігіне берілімек. Қолданыстағы терминал демеушілердің көмегімен 100 млн теңгеге жөнделді, әуежай алаңы жаңартылды.

«ҚазГЕРМунай» компаниясы Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» жобасын бастайды.

Келесі жылы 7 мың адамға арналған «Қайсар» футбол командасының жаңа стадионы бой көтереді. Жаңа стадион құрылысына демеушілікке «Саутс Ойл» компаниясы ынталанып, жобалау жұмыстары атқарылууда.

ЖЫЛ ЖЕТІСТІКТЕРІ:  
Үздіктер марапат төрінде

Сынаптай сырғып өткен 2022 жыл еліміз үшін айрықша әрі тосын шешімдер қабылдауға тәуекел еткен жыл болды. Жұртты елеңдеткен, елдіміз сыңға түскен қаңтар оқиғасы одан кейінгі саяси шешімдерге, тың өзгеріске серпін беріп, ел өмірін «қаңтарға дейін және кейін» деп екіге бөлді. Еліміз саяси даму және экономикалық трансформация кезеңіне қадам басты. Түйткілді мәселелер ашық айтылып, талқыға түсті. Қоғам өміріне көптеген өзгерістер еніп, жаңа бастамаларға негіз қаланды. Тәуелсіз еліміздің тарихында осымен жетінші рет Президент сайлауы өтіп, науқан елдегі саяси жүйені жаңғыртуға септігін тигізді.

Сб Биболат СӘТЖАН,  
«Сыр бойы»

Қиындығы мен қуанышы қатар болған тарихымыздың бұл кезеңінен ширап шығып, жылды тарих қойнауына табыстар тұста атқарылған істер мен жетістіктерді саралап, алдағы міндеттерді айқындаудың маңызы зор. Осы мақсатта төрімізге келер жаңа жылды қарсы алар сәтте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен 2022 жылдың қорытынды жиыны өтті. Н.Бекжанов атындағы қазақ академиялық драма театрында өткен салтанатты шараға аймақтың бұрынғы әкімі Қуанышбек Ысқақов, ел ағалары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жиында облыс әкімі жыл көлемінде өңіріміздің жеткен жетістіктері мен атқарылған ауқымды жобаларға тоқталып, Сыр халқын санаулы сәттерден кейін төрімізге енетін Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Сондай-ақ, өткен жыл талай табыстар мен ілкімді істерге толы болғанын еске салды.

– Өрбір қол жеткізген жетістігіміз – туған жеріне жанаушы азаматтың есеп еңбегінің жемісі деп білемін. Барыс жылы – Тәуелсіз мемлекетіміз үшін де, Сыр елі үшін де берекелі, ырысы мол, саяси оқиғаларға толы жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен Сыр елінде тың жобалар өркен жайып, ауқымды инвестициялар тартылып, тіртікті салаларда серпініп қамтамалас басталды. Өңірімізде ірі инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жалғасуда. Индустриаландыруды дамыту аясында өңірде жалпы құны 613,1 млрд теңгені құрайтын 37 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл 6,8

мың адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Өткен аптада Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайылов Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында негізгі инфрақұрылымдық, су шаруашылығы, өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң бағасын берді. Біздің ұсыныстарымызға қолдау білдірді, – деді Н.Нәлібаев.

Аймақ басшысы Сыр елінде тіртікті салаларда серпініп қамтамалас басталғанын да атап өтті. Айталық, өңірде ірі инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жалғасуда. Жалпы құны 613,1 млрд теңгені құрайтын 37 жоба іске асуда. Бұл 6,8 мың адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік бермек. Былға жоспарланған 4 млрд теңгенің 5 жобасының бүгінде 3-і іске қосылды. Ал келер жылы Жаңақорған және Қармақшы аудандарында құс фабрикалары іске қосылатын болады.

Сондай-ақ, биыл «Акса Энерджи» түрік компаниясымен бірлесіп, қала аумағын жылу және электр қуатымен толық қамтамасыз ететін 240 мегаватты құрайтын жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. Құны 215 млрд теңгеден асатын бұл жоба 2025 жылы аяқталады.

Инвесторлармен бірлесіп құны 28,1 млрд теңге болатын, жылына 24 мың тонна томат пастасын өндіретін зауыт салу бойынша келіссөздер жасалды. Шыны зауытында қазан айынан бастап өнім шығарылууда. Бүгінде 17 мың тоннаға жуық шыны Астана, Алматы, Шымкент қалаларына жіберілді.



Мұнан бөлек, «Шалқия» кен орнында құны 235 млрд теңге болатын тау-кен байыту комбинатының құрылысы басталмақ.

Облыс әкімі тұрғын үй саласына да ерекше мән беріліп отырғанын айтты. Биыл бюджет есебінен 9,1 млрд теңге қаржы бөлініп, 32 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Алдағы үш жылда 2 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілімек. Келер жылы облыс орталығында 23 тұрғын үй табысталып, 1,1 мың отбасы пәтер кілттерін алатын болады.

Әлеуметтік салада да оң серпін бар. Алдағы екі жылда Ұлттық жоба аясында 27 денсаулық сақтау нысаны салынады. Биыл облыста 19 балабақша, Оқушылар үйі және Өнер мектебі пайдалануға берілді. Дарынды балаларды қолдау мақсатында Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданынан 150 орындық 2 мектеп-интернаты ашылды. Жаңақорған және Қазалы аудандарында екі мектеп, екі балабақша пайдалануға берілді. Алдағы үш жылда 21 мектептің құрылысы жүргізіледі. Сондай-ақ, Үкімет қолдауымен дарынды

балаларға арналған физика-математика мектеп интернатының құрылысы басталады.

Мәдениет және спорт нысандарын салуға да ерекше көңіл бөлінуде. Бұл жұмыстарға демеушілер зор үлестерін қосуда.

Биыл жазда облыс орталығынан бірқатар нысанның іргетасы қаланды. Құны 1,6 млрд теңгені құрайтын Неке сарайы келер жылы қыркүйекте, 3,7 млрд теңге болатын мың орындық Өнер орталығы желтоқсан айында, құны 2,7 млрд теңгені құрайтын Қан орталығы 2024 жылдың қаңтар айында беріледі.

2022 жыл Сыр халқы үшін табысты әрі берекелі жыл болды. Бұған түрлі салада тер төгіп, нәтижелі қадамдармен алға шыққан азаматтардың үлесі басым. Салтанатты жиында облыс әкімі әр саланың озат қызметкерлерін марапаттады.

Оның ішінде 30 жылдан астам уақыт табиғат қорғау саласында қызмет атқарып, Арал теңізінің тартылған табиғатын сақтайтын сексеуіл егіп, ауданның экологиялық аймағын жасыл желекке айналдыруда өзіндік үлесі бар орман күтушісі Мұратбек Смайлов, 40 жыл-

дан аса еңбегі бар ветеринар Сейілхан Орынбаев, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі, жыл сайын мыңдаған науқастың аяққа тұруына септігін тигізіп жүрген көпбейінді облыстық аурухананың нейроинсульт бөлімінің меңгерушісі Рүстем Башов секілді өз ісінің нағыз шеберлері құрмет төрін көрінді. Ақпарат саласының алғы шебінде жүрген журналистер, қоғамдық пікір көшбасшылары мен меценат азаматтар да құрметке кенелді.

Жыл бойы еңбегімен көзге түсіп, шәкірттері білім бәсекесінде топ жарған ұстаздар да назардан тыс қалмады. Елімізде 2012 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Үздік педагог» байқауында осы уақытқа дейін өңірдің 23 ұстазы топ жарған. Биыл да байқаудың облыстық кезеңінде 6 мұғалім жеңімпаз атанды. Шығармашыл ұстаздарға облыс әкімі 900 мың теңгеден астам бірқолғы қаржылай сыйақы сертификатын табыстады.

Салтанатты шара мерекелік концертпен жалғасып, жергілікті өнерпаздар кеш қонақтарына мерекелік көңіл-күй сыйлауды.

## БРИФИНГ

Байыпты бастамалар,  
жаңашыл жобалар

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов өңірдің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, табиғи ресурстар, орман, балық, су шаруашылығы, кәсіпкерлік және индустрияны дамыту бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндап берді.

Сб Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

– Аймақтың аграрлық саласында ел игілігіне айналған жетістіктеріміз аз емес. Мемлекет тарапынан жыл сайын ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған қомақты қаржылар бөлінуде. Биыл егін және мал шаруашылығын дамытуға, басқа да жұмыстарға бөлінген 11,9 млрд теңге толығымен игерілді. Осының ауылы, орман және балық шаруашылығында 171,4 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Сондай-ақ, тамақ өнімдерін өңдеу көлемі 67,0 млрд теңгені құрады. Ол өткен жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда 8,3%-ға артып отыр. Аймақ кәсіпкерлері, кейінгі жылдары аймақтың экспорттық әлеуеті артуда. Биыл 53 млн АҚШ долларын құрайтын 97,4 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдерін шетелге шығарылды. Олардың қатарында күріш, балық өнімдері, қамыс, қауын, қарбыз, қызанақ, көкөніс бар. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда 76 %-ға артты, – деді Серік Салауатулы.

Облыс дикандары биыл 188,5 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын екті. Сырдария өзеніндегі судың төмендеуі және вегетациялық кезеңде суармалы судың тапшылығына байланысты өңірде күріш егісі қысқартылды. Орман қоса егін шаруашылығын әртарапандыру бойынша тиісті шаралар қабылданды.

– Негізгі дақыл – күріш егісі 2017 жылғы көлемінен 12,4 мың гектарға қысқартылып, 78,6 мың гектарға егілді. Осындай қиындықтарға қарамастан мол өнімге негіз қаланды. Әр гектардан 56,7 центнерден өнім жиналып, қырманға 444,8 мың тонна күріш салысы жиналды. Дикандар ендігі кезекте суды аз қажет ететін малздық, майлы дақылдар, картоп, көкөніс, бақша көлемін ұлғайтуға мән беріп отыр. Аймақтың табиғи-климаттық жағдайына сәйкес картоп, көкөніс, майлы, малздық дақылдарды егіп өндіруге толық мүмкіндік бар, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Облыста әлеуметтік маңызы



Жыл тоғысар сәтте өңірдегі дарынды балалар мен жасөспірімдерді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құттықтады. «Білімді ұрпақ, өнерлі өрен – ел келешегі» атты «Балалар жылы» қорытындылау салтанатында балалар үйінің тәрбиеленушілері мен ерекше білім алуды қажет ететін, сондай-ақ халықаралық, республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалардың жүлдегерлері мен спорт пен өнерде үздік атанған жеңімпаздар марапатталды.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

Дарындыларға шабыт  
сыйлаған салтанат

Аймақ басшысы оқушыларды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, зор табыс тіледі. «Балалар жылы» аяқталса да, Сыр елінде ақылы да зерек өрендерді қолдау әрі қарай жалғасатынын жеткізді.

– Өтіп бара жатқан Барыс жылына Мемлекет басшысы ерекше мән беріп, «Балалар жылы» деп жариялағанын білесіздер. Атаулы жылы елімізде, оның ішінде өңірде көптеген іс-шаралар жасалды. Түрлі форматтағы 12 мыңға жуық шараға 200 мыңнан астам бала қамтылды. Өткен аптада ел Президенті атынан балаларға арналған Жаңа жылдық шырыша ұйымдастырылып, қала және аудандардан келген 200 баланы құттықтадық. Балаларымызға бағалы сыйлықтар табыстадық. Ата-аналарыңызды тек жақсы істермен қуантыңыздар! Сабақты жақсы оқып, спортпен айналысып, қалаған үйірмеге барып, әр күнді ерекше өткізіңіздер. Қанаттарыңыз талмай, ұстаздарыңыздан саналы тәрбие, сапалы білім алып, бейбіт еліміздің атын әлемге танытыңыздар! Ал біз, ағаларыңыз, сіздерді қолдау үшін аянбаймыз! – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада жыл бойы түрлі ғылыми, шығармашылық байқауда жеңімпаз атанған үздік спортшылар, әншілер мен бишілер, колөнершілер, «Үздік «Атамекен» балалар ауылының тәрбиеленушісі», «Үздік балалар парламенті» секілді номинация иегерлеріне Алғыс хаттар мен планшetter табысталды.

Айта кетейік, биылдың өзінде 402 сырбайлық өрен халықаралық, республикалық дәрежедегі ғылыми жобалар мен олимпиадалардың, спорт турнирлерінің және өнер конкурсының жеңімпазы мен лауреаты атанды. Биыл балдырғандарға тарту ретінде демеушілер есебінен Қызылорда қаласы және аудандарда құны 1,6 млрд теңгеге 80 спорт-ойын алаңы салынып, Қызылорда қаласында көпбалалы отбасылар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларға 50 пәтердің кілті табысталды. Биыл Сыр елінде 19 балабақша, 6 мектеп ел игілігіне табысталды. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласы және Қармақшы ауданында дарынды балаларға арналған 150 орындық 2 мектеп-интернаты, Жалағаш ауданында 250 орындық «Оқушылар үйі» және «Өнер мектебі» ашылды. Мемлекет басшысының бастамасымен құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектептің құрылысы жүргізілді.

Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапары барысында дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы мектеп интернатының құрылысын бастауға қолдау табылды. Алдағы уақытта Қызылорда қаласының сол жағалауында «Оқушылар сарайы» бой көтермек. Заманауи үлгідегі нысан бизнестің тәрбиеленушісі», «Үздік балалар парламенті» секілді номинация иегерлеріне Алғыс хаттар мен планшetter табысталды.



## «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСТАРЫ

«АМАНАТ» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс ХХХ конференциясы өтті. Онда партия ұйымының жылдық жұмысы қорытындыланды. Жиынға партия хатшысы Дәулет Кәрібек, партия филиалының саяси кеңесі мен саяси кеңес бюросы мүшелері, аумақтық филиалдардың атқарушы хатшылары, бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері мен белсенділері, фракция мүшелері, «Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері қатысты.

**Сb Айсауле ҚАРАПАЕВА,**  
«Сыр бойы»

Конференцияда облыстық филиалдың атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова филиал мен облыстық мәслихаттағы фракцияның биылғы жұмысын қорытындылап, алда тұрған міндеттерге тоқталды. Атқарушы хатшының мәліметінше, жыл басынан бері тұрғындардан 3184 өтініш тү-



сіп, олардың 78%-ы оң шешілген. Мұнан бөлек, 35 ауылда мобилді қабылдаулар өтіп, оларда көтерілген мәселелердің 53%-ы шешімін тапқан.

– Халықтың әртүрлі топтарымен бірігіп, қоғамдағы түрлі өзекті мәселелерді шешуге атсалыстық. «Жер аманаты» жобасы аясында жыл басынан бері ауыл шаруашылығы мақсатындағы заңсыз пайдаланылмай жатқан 257 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды. Алда интерактивті карта дайындалып, мақсатты пайдаланушыларға берілді. Тұрғын үй мәселесін шешуде ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Жыл басынан 604 мың шаршы метр тұрғын үй

пайдалануға берілді. 15 көпқабатты тұрғын үйге жаңғырту жұмыстары жүргізілді. 362 шақырым жол жөнделіп, қалыпты жағдайдағы жолдардың үлесі 80%-ға дейін ұлғайтылды. 5 мәдениет нысаны, 11 спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп жатса, Қармақшы ауданы Куандария елді мекенінде 100 орындық ауылдық клуб, Арал ауданы Аманөткел ауылы, Қазалы ауданы Піримов ауылында 2 спорт кешені пайдалануға берілді. Елді мекендерді газдандыру деңгейі 68 пайызға жеткізілді. Келер жылы Сексеуіл, Піримов, Жалантос батыр, Басықара, Қалжан ахун, Төреғам, Акай, Жайылма Бірлік, Қыраш,

Шалкия, Құттықожа, Кейден, Абай, Наурыз, Махамбет елді мекендері газдандырылады, – деді атқарушы хатшы.

Конференцияда делегаттар партияның облыстық филиалының жаңа төрағасын сайлады. Бұл лауазымға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқаламовтың кандидатурасы ұсынылып, бірауыздан қолдау тапты.

Жиын соңында «АМАНАТ» партиясының хатшысы Дәулет Кәрібек тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсарту мен партия жұмысын күшейтеу бағытындағы мақсат-міндеттерге тоқталды.

## Қызылорда облысы әкімі аппаратында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке мәселелері бойынша қабылдаудың 2023 жылдың I тоқсанына арналған кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
<b>Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы</b>	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
<b>Қожаниязов Серік Салауатұлы</b> (облыстық ауыл шаруашылық және жер, ветеринария, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жетекшілік жасайды. Сонымен қатар, облыстың құқық қорғау органдарымен бірлесіп, қоғамдық қауіпсіздікті және тәртіпті сақтау жұмыстарын үйлестіреді)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
<b>Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлы</b> (құрылыс, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, бақылау жөніндегі және мемлекеттік сатып алу басқармаларына жетекшілік жасайды)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
<b>Сақтағанов Нұрымбет Аманұлы</b> (облыстық экономика және қаржы, жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, білім, денсаулық сақтау, қоғамдық даму, мәдениет және спорт басқармаларына жетекшілік жасайды)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1-кабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 40-11-91(7046).

Қызылорда облысы әкімінің аппараты

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

### КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Осы аптада облыстық қоғамдық кеңестің құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының кезекті отырысы өтті. Жиынға Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаментінің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаменті, білім басқармасы, білім саласындағы бақылау департаменті, тексеру комиссиясы, ішкі мемлекеттік аудит департаменті, қазынашылық департаменті басшылары және аудандық білім бөлімдерінің басшылары, мектеп директорлары, есепші мамандар қатысты.

**Сb Фазиза ӘБІЛДА,**  
«Сыр бойы»

Комиссия отырысын қоғамдық кеңес төрағасы Ә.Хожбанов және аталған комиссия төрайымы Л.Бақтыбаева жүргізді. Жиынның күн тәртібінде облыстағы орта білім беру ұйымдарының 2020-2022 жылдар аралығындағы еңбекақы төлеу қорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мәселесі қаралды. Бұл мәселе бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары А.Ашимов баяндама жасады.

– Кейінгі үш айда облыс мектептерінде аса ірі көлемде қаражат жұмқыру фактілері бойынша сегіз қылмыстық іс тіркеліп, келтірілген залал 446 млн теңгені құрады. Мысалы, Жаңақорған ауданы мектептерінің бірінде директор мен бухгалтер, қаражаттарды аудару тетіктерін өзінің жеке мүддесіне пайдалана отырып, ресми құжаттарға жалған мәліметтер енгізу, яғни, жеке сәйкестендіру нөмірі мен банктік есепшоттарын өзгерту арқылы мемлекеттен бөлінген қаржыны жұмыстан шығып кеткен азаматтардың және өзінің жақын адамдарының атына аударған. Нәтижесінде, 117,2 млн теңге көлемінде бюджет қаражатын жұмқырғаны анықталды.

Көрсетілген фактілерді ескере отырып, департамент тиісті мониторинг жүргізіп, нәтижесінде, бір елді мекенде орналасқан, мұғалімдер штаты шамалас мектептерге еңбекақы төлеу қоры қаражаты 2-3 есе айырмашылықпен бөлінгені анықтады. Бұл өз кезегінде бюджеттен

бөлінген қаржының мақсатты игерілуіне күмән тудырады, – деді департамент басшысының бірінші орынбасары.

Ол осы келесі жағдайларды ескере отырып, 2023 жылғы 4 қантардан бастап облыстық білім басқармасы және оған қарасты мекемелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілетінін жеткізді.

Ал облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Д.Момбектің баяндамасында қоғамдық кеңестің қарауына ұсынылған фактілер бойынша қылмыстық іс тіркеліп, тергеу жұмыстары нәтижесінде қолды болған қаражатты жергілікті бюджетке өндіру шаралары іске асырылып жатқаны айтылды.

Күн тәртібінде қаралған мәселеге байланысты комиссия мүшелері А.Әбибуллаева, Ж.Бекішев, Ә.Жақанов, С.Женісұлы, С.Теңізбаев орын алған қылмыстық фактілердің себеп-салдарын талқылай келіп, тиісті ұсыныстарын айтты.

Комиссия отырысының қорытындысымен, көтерілген мәселелер бойынша департамент ұсыныстары қолдау тауып, облыстық білім басқармасына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және оған қарасты ұйымдарда қаржылық тәртіптің сақталуын күшейтеу жөнінде тиісті ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және бюджет қаражатын жұмқырудың алдын алу үшін қоғамдық кеңес өкілдерін жоғарыда аталған сыртқы талдау жұмысына қатысуға шақырды.

## ЖЫЛ ЖОБАСЫ



### ИНВЕСТИЦИЯ – МҮМКІНДІКТЕР КӨЗІ

Міне, Барыс жылы да көрі тарих қойнауына енгелі отыр. Биылғы жыл аймақ тұрғындары үшін жемісті жыл болды. Жылдың қорытындысымен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң көрсеткіштерге қол жеткізілді.

**Сb Дәуржан ЕЛУБАЕВ,**  
«Сыр бойы»

Облыс инвестиция тарту бойынша қош басына шықты. Бір жыл ішінде облысқа 373,5 млрд теңге жеке бекітілген болатын. Бұл жоспар 94 пайызға орындалып, өңірге 350 млрд теңгенден астам инвестиция тартылған. Өрбір инвестиция – жаңа мүмкіндік көзі екені белгілі. Бастысы, оның игілігін ең әуелі халық көреді.

Индустриаландыруды дамыту аясында алдағы бесжылдықта өңірде инвестиция көлемі 613,1 млрд теңгені құрайтын 37 индустриалық жобаны іске асыру міндеті тұр. Биыл түрік компанияларымен белсенді жұмыс басталды. Осы орайда жаңа жылу-электр орталығының жобасын айрықша атап өтуге болады. Мемлекет басшысы елдің оңтүстік өңірлерінде алдағы 3 жылдың ішінде қуаттылығы 1000 мегаваттан асатын электр станцияларын салуды тапсырғаны белгілі. Заманауи үлгідегі жаңа ЖЭО еліміз бойынша оңтүстіктегі екі облыста бой көтерді.

Биыл облыс басшылығы орталықтандырылған жылу мәселесін оңынан шешу үшін электр энергиясын өндіруде мол тәжірибесі бар «Акса Энерджи» компаниясымен бірлескен жобаны қолға алды. Шетелдік инвестормен келісім-шарт жасалды. Нәтижесінде биылғы тамыз айының басында Қызылорда қаласында жаңа ЖЭО-ның капсуласы салынды. Оған біз де куә болдық. Қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр станциясының құрылысы 36 айға созылады. Нысан 2023 жылғы аяқталып, қала тұрғындарының игілігіне беріледі деп күтілуде.

Айта кетейік, бұл жоба «Акса Энерджи» түрік компаниясы қаржысы есебінен жүзеге асырылады. Жобаның құны – 215,1 млрд теңге. Стратегиялық маңызы нысан іске қосылғанда аймақтағы энергия жетіспеушілігін төмендетеді. Айта кетейік, бұл – елімізде бюджеттен тыс қаржы көздерінен, яғни шетелдік инвесторлардың қаражатына іске асырылатын ең ауқымды жоба.

Әлемнің бірнеше мемлекетінде энергетикалық бағытта ірі жобаларды іске асырған компания өкілі мұндай ауқымды жоба энергетикалық қауіпсіздікті және тарифті сақтауға мүмкіндік беретінін атап өткен болатын. Түрік компаниясы 15 жылдық келісім-шарт негізінде қаланың энергия мен жылу қажеттілігін қамтамасыз ететін болады.

2023 жылғы тағы бір түрік компаниясымен бірге облыста томат өндіретін зауыт салынады. Нақты кезеңде осы жоба аясында 25 миллион доллар көлемінде инвестиция тарту бойынша келісім-шарт жасалды.

Айта кетейік, биыл 4 млрд теңгенің 5 жобасын іске асыру жоспарланған болатын. Қазіргі таңда оның 3-уі іске қосылды. Ал алдағы жылы Жаңақорған және Қармақшы аудандарында құс фабрикалары қолданысқа беріледі. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да ауқымды жобалардың қолға алынып, қыруар еңбектің атқарылатынын айғақтайды.

## ЕРЛІК БІЛЕК КҮШІМЕН ҒАНА ЖАСАЛМАЙДЫ

«Батырлар соғыста танылады» деп айту бекер. Батырлық – атқа мініп, жауға шабу емес. Бейбіт күнде де ерліктің үлгісін көрсетуге болады. Оны өмірде кездесетін оқыс оқиғаларда қара басын қатерге тігіп, адамды ажал аузынан арашалаған қарапайым жандар дәлелдеп жүр. Бойындағы қорқынышты жеңіп, жанкешті әрекеттерге барған ержүрек жандар баршылық.

**Сb Аружан ЕРАЛЫ,**  
«Сыр бойы»

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Сыр елі азаматтарының жасаған ерліктері туралы білдік. Сондай азаматтың бірі – қала тұрғыны Бақтияр Оспанов. Ол көршісін өрттен құтқарып қалған. – Инімнің үйіне қонаққа барғанмын. Подъезге кіре бергенде күйген ісі шықты. Басында мән бермедім. Қайтар кезде үйден шыға бергенде істің өршігенін байқадым. Әйтеуір бір пәтерде оқыс жағдай болғаны анық. Инім есеумізіңізді барлық пәтердің есігін қақтық. Елшім ашпады. Сонда да тоқтатапдық. Бірінші қабаттағы көршінің есігін ұрып едім, кішкене саңылаудан түтін шыға бастады. Тез арада өрт сөндірушілерді шақырып, әзер дегенде есікті аштық.

Үйден ер адам шықты, жалғыз өзі екен. Иістен есегіреп қалған. Газ құбырын жауып, өрт сөндірушілер жанында өшіріп, бір апаттан аман қалдық, – деді ол.

Сондай-ақ, ерлік тек қана ер азаматтардың қолынан келеді деу де қателік. Қарапайым жандарға көмек қолын созғандардың қатарында Қызылорда қоғамдық телеарнасының тілшісі Назгүл Қажығасеба да бар.

Оған желіде көмек сұраған жандардан хат келеді екен. Қараша айында қызылордалық тұрғын жақын туысы таңертең үйден шыққанның кешке дейін оралмағанын хабарлап, жүзгем беруін сұраған. Осылайша Назгүл өзінің парақшасына жариялап,

із-түзсіз жоғалған адамды іздеуге атсалысқан.

– Кешкі сағат 19:00 шамасында полиция бөлімшесінен хабарласты. Аталған оқиғаға байланысты тездетіп келуімді сұрады. Көмегім тиер деп бардым. Бөлініп іздеуге шықтық. Біз туысын іздеген әйелмен бірге дарияны жағалап жүре бердік. Басаяғы 40 минуттың ішінде жоғалған адамды таптық. Осы жағдайдан кейін әлеуметтік желіде көмек сұрап хат жазған адамдар қатары көбейді. Бәрине бірдей көмектесе алмасам да, қол ұшын создым, – деді ол.

Жоғалған адамды судан алып шыққан бойда құтқарушылар тобымен бірігіп, дер кезінде ауруханаға жеткізген. Жағдайға бей-жай қарамай, көмек қолын созған әріптесіміз алғыс білдіретін адамдардың аз емес екенін жеткізді.

Мұндай оқиғаларда ересек адамдардың жанкешті әрекеттері туралы көп естіміз. Десе де, бастауыш сыныпта оқитын оқушының көзсіз батырлығы туралы естідіңіз бе? Қазан айында Жалағаш ауданы Ақкүм ауылының тұрғыны Наурыз На-

заровтың үйінде тоқ кернеуінің күшеюінен өрт шыққан. Бұл кезде үлкендер жұмыста болған, үйде 4 бала қалған. Үлкені 2-сынып оқушысы Мерей Бақыт өрт шыққан сәтте қорықпастан бөлменің есігін жауып терезеден бауырларын шығарып алған. Өзінен кіші бауырлары 5, 3 және 1 жаста екен. Сөйтіп көшеге шығып, адамдардан көмек сұраған. Осы кезде ауыл азаматтары дер кезінде келіп, өртті өшіріп, балалардың ата-анасын шақырып, апаттың алдын алған. Осындай қиын сәтте бауырларын өрттен алып шығуы – оқушы қыздың ерлігі. Мерейдің батыл әрекеті ескерусіз қалған жоқ. Аудан басшылығы да оның қиын сәтте тез шешім қабылдап, 3 бауырдың өмірін аман алып қалғаны үшін алғыс айтып, сый-құрмет көрсеткен.

– Мен жақында Астана қаласына арнайы шақыртумен барып қайттым. ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев төсбелгі тағып, құттықтады. Мектептегі ұстаздарым мен сыныптастарым да құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Мен өскенде адамдарға көмек қолын созатын дәрігер болғым келеді, – деді Мерей.



## БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ



## Күтімді өскіннің келешегі жемісті

Биылғы «Балалар жылы» да өз мәресіне жетті. Балаларды қуантқан іс-шаралардан бөлек, пайдалануға берілген заманауи мектептер мен балабақшалар, Оқушылар үйі мен Өнер мектебі айтулы жылдың айқын жемісі саналды.

**Sb** Айсәуле ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

Жыл алмасар шакта бір ғана Жаңақорған ауданы, Ақуік ауылдық округінің Бірлік ауылында 90 орындық «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы тамаша тарту болды. 90 орындық бөбекжайдың салынуына бюджеттен 366 млн 900 мың теңге қаржы бөлінген. Екі жарым мыңдай тұрғыны бар Бірлік ауылы үшін мұндай балабақша үлкен сый.

— Бұл балабақшаның 40 жылдан астам тарихы бар. Бірақ ғимарат бүгінгі уақыт талабына сай емес еді. Енді заманауи үлгіде ғимарат салынды. Мұнда барлық жағдай жасалған. Арнайы логопед кабинеті де қарастырылған. Қазіргі сәтте 65 бүлдіршін болса, жаңа жылдан бастап 90 баланы қамтимыз деген жоспарымыз бар. Бөбекжайда 7 тәрбиеші, 3 көмекші тәрбиеші 1 және 5 жас аралығындағы балаларға тәлім-тәрбие береді. Ал жалпы 28 қызметкер жұмыс істейді. Бізде 30 жылдан астам еңбек етті бар озық тәрбиешілер бар. Олардың қатарында Нағима Досжанова, Кенжетгүл Шонабаева, Әсем Өтегеноваларды мақтанышпен айтуға болады, — дейді бөбекжай-балабақша меңгерушісі Гүлбану Жамалқызы.

Иә, расында «Балалар жылы» аясында балғындардың жүзіне қуаныш сыйлаған мұндай әсем әлеуметтік нысандар жер-жерде бой көтере бастады. Бар игілікті істер болашақ ұрпақтың жан-жақты өсіп, дамуына жұмсалуда. Мәселен, биыл облыста 19 балабақша, 6 мектеп пайдалануға берілді. 80 ойын алаңының салынуы жас ұрпақтың жана көзқараста өмір сүруіне дәнекер болды. Дарынды балаларды қолдау мақсатында Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданының 150 орындық 2 мектеп-интернатының ашылуы білім саласына үлкен серпінді ежелері сөзсіз. Өйткені, небір ғалымдар мен қайраткерлер шалғай ауылдың шаңды топырағынан шыққаны рас. Ал оларға заманға сай ғимараттар салып, жан-жақты демеушілік көрсету ел ағаларының парызы деуге болады. Жанашыр меценаттар, кәсіпкерлердің 5-6 айдың ішінде 9 млрд теңгеден астам демеушілік жасауы — үлкен азаматтық іс. Осындай демеушілермен Жаңақорғанда 790 млрд теңгеге заманауи демалыс ойын атракциондарында алаңсыз асыр салып ойнағанын өзін қуаныш емес пе?

Қысқасы, Барыс жылы балалар үшін мол тартумен есте қалды. Мұндай игілікті істер алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Сарғайған тарих парақтарына жүгінер болсақ, ата-бабаларымыз ел тәуелсіздігін жариялау жолында жан пидә етіп, ерлік пен еңбек жолымен жаза баспай жүрген. Сонау заманда Кенесары мен Абылай ханның, Қасым хан мен Есім ханның, Керей мен Жәнібек, тағы да басқа ондаған батырлардың жүрегі «елім» деп соққан. Ақтанбал шұбырынды, алқакөл сұлама болған зұлмат жылдары қайран қазағым талай-талай тауқымет шексе де, ертеңгі күнге үмітпен қарады. Жерін жауға, елін дауға бермеді. Ел тағдыры үшін өмірін найзаның ұшы мен қылыштың жүзіне байлап ғұмыр кешкен.

## Тәуелсіздік тірегі — ел бірлігі

Ата-бабаларымыздың осы бір сан ғасырлық арман-тілегі — еліміз тәуелсіз ел ретінде танылып, ұлы күн, ұлық мерекеге келді. 1991 жылдың 16 желтоқсаны күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Тәуелсіз еліміздің декларациясы, Конституциясы, Туы, Елтаңбасы, Әнұранының қабылдануы қазақ халқының бақыты болды. Қабылданған декларация Қазақстан Тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, халықаралық қатынастардағы дербестігі бекітілді.

Қазақ халқының өткен тарихы Тәуелсіздік алған соң жаңа тарихымен ұштасып, ұлтымның кемел болашағына жарқын жол салынды. Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарын шуақты да жайлы жылдар деп айтуға әсте болмайды. Ел тәуелсіздігін алғанда бөрімізді аспанға атсақ та баянды ету, яғни нығайту бағытында атқарылар шаруа шаштөктен екенін түсіндік. Елімізде көптеген өндіріс орындары мен кәсіпорындар өз жұмысын тоқтатып, жұмыссыздық мейлінше белең алды. Содан да азаматтар жұмысты тастап, күнкөріс қамы үшін базар жағалап кеткені де жасырын емес. Тіпті туған топырағынан табанын көтеріп, басқа елді паналағандар да болды. Елдің асырауында — іргелі шаруашылықтар таратылып, жеке-шелеңдер басталды.

— Осылайша жаңа заман басталды, бізге тытқын дүние, өмір жана бағытқа бел алды. Қазақстанның егемендігін бірінші болып бауырлас Түркия мемлекеті қолдап, танығаны тарихтан белгілі. Содан кейін әлемнің өзге де мемлекеттері бірінен соң бірі мойындай бастағанды. Енді тәуелсіз ел ретінде әлемнің жетекші, ықпалды мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуды жедел қолға алып, дербес сыртқы саясатты анықтап жүргізу, жолға қою міндеті тұрды, — деп жазады мемлекет және қоғам қайраткері Икрам Адырбеков «Елшінің жазбасынан» кітабында.

Айтса айтқандай, ел-халқымыз тәуелсіздіктің енесін тіктеуге бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірлікпен құлына кірдісі. Сол кезде елімізде қолда бар экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктерді мейлінше пайдалана отырып, дағдарыс кезеңінен неғұрлым аз шығыммен өтуге, орнықтылықтан ауытқымауға зор мән берілді. Нәтижесінде тәуелсіздік туы жоғарылап, еліміз енесін тіктей басталды.

Тәуелсіздік алғалы отыз жылдан астам уақыт ұшқан күстай зымырап өте шығыпты. Атқарылған жұмыстардың ең бастыларына саралап айтар болсам, ядролық қару жойылып, елімізді ғана емес, бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Семей ядролық полигоны жабылды. Ел астанасы

Алматыдан Ақмолага көшірілді. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автомагистралі, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры салынды. Бүгінде Астанаға жеткізіліп, ел тұрғындары «көгілдір отын» игілігіне кенеліп отыр. Қалалар көріктеніп, ауылдар мейлінше ажарлана түсті. Егін шаруашылығы енесін тіктесе, атақосібіміз — мал шаруашылығы да молшылыққа бастады. Бүгінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен шағын және орта кәсіпкерлікке барынша қолдау жасалып, жұмыссыздық азайып, ел-халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсара түсті.

Сөз орайы келгенде, алты Алаштың анасы атанған Сыр елінде атқарылған ауқымды істерді де айта кетпесе болмас. Өздеріңізге мәлім, 1992 жылдың 30 маусымында «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заң қабылданды. Ал 1993 жылдың 26 наурызында Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылып, Аралды сақтап қалу мақсатында «Асыр жобасы» өмірге келді. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (САРАТС) жобасы» жасалды. Осыған байланысты бүгінде Арал теңізіне 20-дан астам балық түрі қайта келіп, жылына 9 мың тоннаға жуық балық ауланып, еліміз аумағына ғана емес, шет елдерге де жөнелтілуде.

Президент қолдауымен Сыр аймағында заманауи үлгідегі әлеуметтік нысандар салу ісі барынша қарқын алып, кейінгі уақытта экономиканың барлық көрсеткіштерінде жоғарылау бар. Нақтылай айтар болсақ, өңдеу өнеркәсібінде өнім өндірісі бүгінде 8,5 пайызға ұлғайса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 71 пайызға өскен. Жұмыс жасап отырған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 29,5 пайызға артқан. Он жылдан бері әңгіме болып келген шыны зауыты іске қосылды. Бүгінде шыны өнімдері Алматы, Астана, Шымкент қалаларына да жөнелтілуде. Мұндай үлкен жоба Президенттің тікелей қолдауымен жүзеге асырылғанын айта кеткен жөн.

Сыр өңірі — негізінен аграрлы аймақ. Оның ішінде басты дақимымыз — күріш. Жасыратыны жоқ, кейінгі жылдары күріш егістігі су ташылығына байланысты шектелгенді. Десе де, алдағы жылдары күріш егістігінің көлемін азайтуға тоқтам жасалмақ. Бұл жайында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев: «Күріштің көлемін енді қыскартпаймыз. Бұл — халықтың негізгі күнкөріс көзі. Оған қоса күріш көлемін азайтсақ, жеріміз де тұзданып кетеді. Оны барлық ел біледі. Содан да суды барынша үнемдеп, күріштің көлемін азайтпаймыз» деді.

Орайы келгенде айта кетейін, Президент өңір әкімдеріне инвестиция тартуды тапсырған болатын, яғни, Жолдауда «Арнайы эконо-

микалық аймақтарға инвестициялық жеңілдіктерді саралап беру керек. Неғұрлым көп ақша салсақ, соғұрлым көп жеңілдік аласың деген ұстаным басты қағида болуы қажет» деген-ді. Осыған орай аймақта жана мүмкіндіктерге жол ашылды. Өткен жылдары айтағанымның өзінде был облысқа 373 млрд теңге инвестиция тарту межесі бекітіліп отыр.

Ала келді. Әсіресе, белең алған сыбайластыққа қарсы күрес, ел-халықтың арыз-шағымдарын мен ұсыныс-пікірлерін тындап, оның орындалуына назар аударуа бастады. Осыған қатысты бір ғана деректі келтірмеймін.

Облыс әкімі Н.Нәлібаев бүгінде аймақтың барлық елді мекендеріне барып, жұртшылықтың ұсыныстарын, арыз-шағымдарын тындап қана қоймай, сол сәтте шешуге ықпал етуде. Сол үшін өзімен бірге құқық қорғау органдары (сот, прокуратура, ішкі істер бөлімі, ұлттық қауіпсіздік комитеті) басшылары мен қызметкерлерін апарып, тұрғындар талаптарының жедел шешілуіне қол жеткізіп отыр. Облыс әкімінің бұрын-соңды болмаған осы игілікті ісін Сыр елі халқы куана құптады. Әділдік күнбе-күн, жылма-жыл болуы мүмкін, бір күнде әділеттілікті орнату мүмкін емес. Менің ойымша, облыс әкімі Н.Нәлібаевтың бұл бастамасы құтқарлық.

— Биылғы жылы өткен Президент сайлауы — бұл халықтың бізге арқан зор сенімі және қолдауы. Азаматтарымыз нақты он өзгерістер бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау — алдымызда тұрған ең басты міндет, әрі қастерлі парыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент өзінің бағдарламасында еліміздің жаңа даму бағдары айқындалғанын, азаматтардың табысын арттырып, өмір сапасын барынша жақсартуға баса назар аударылатынын айтты. Ерекше мән берілуі тиіс бірқатар мәселелерге айрықша көңіл бөлуді ескерткен болатын. Жасыратыны жоқ, елімізде сыбайлас жемқорлық, жастан мәселесі, ауыл ахуалы, халықтың тұрмыстық жағдайы, тағы басқа күрмеуі қиын мәселелер өз шешімін таппай келе жатыр-ды. Мемлекет басшысы батыл қадамдармен басты-толықтай жайларды тез арада шешуге баса назар аударып отыр.

Журда Алматы қаласында «Тағым» мемориалы ашылды. Осы игілікті іс үшін жұртшылықтың Мемлекет басшысына айтар алғысы шексіз.

Президент алдағы уақытта тәуелсіз еліміз бойын тіктеп, демократиялы ел болатынына нық сеніммен қарайды. Ол үшін сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу, жұмыссыздықты жою, ауыл ахуалын жақсарту, әділ сайлау өткізу, сыртқы саясатты мейлінше қалыптастыру, тұрмыс-тіршілікті жақсартуға баса мән берілуі тиіс. Бұл талаптарды орындау қазақстандық әрбір адамның азаматтық парызы болуы қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев жұрда Укіметтің кеңейтілген мәжілісінде халықтың әл-ауқатын жақсартуға, азық-түлік бағасын реттеуге, сыбайлас жемқорлықпен күреске, ұлттық жобалардың орындалуына, кадрлық өзгерістер жасауға, билік басындағылар бюрократиядан арылуға, тағы басқа толғақты жайларға кеңінен тоқталды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сол, Тәуелсіз еліміздің алдағы жылдары мұнан да биік асуларға шығуы үшін енесізді тіктей, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара жүріп еңбек етуге тиіспіз. Тәуелсіздік тірегі — ел бірлігінде. Атам қазақ: «Бірлік бар жерде тірлік бар» деп бекер айтпаса керек. Демек, осы қағиданы бері ұстанып, Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағын баянды етейік, ағайын.

**Сұлтанбек ТӘУШБАЕВ,**  
техника ғылымдарының докторы, Қызылорда қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы

### Қызылорда облыстық мәслихатының облыстық сайлау комиссиясының құрамына толықтырулар енгізу туралы хабары

Қызылорда облыстық мәслихаты облыстық сайлау комиссиясының құрамынан шығып қалған мүшелерінің орнына (2 мүше) сайлау өтетіндігін хабарлайды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының талаптарына сәйкес әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуда құқылы. Облыстық сайлау комиссиясының құрамында «Қазақстан халық партиясы», «Ақжіл», «Ауыл» саяси партияларынан болғандықтан, олардан басқа саяси партиялардан немесе өзге де қоғамдық бірлестіктерден және жоғары тұрған сайлау комиссиясынан ұсыныстар қабылданады. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидаттарды ұсынуда құқылы.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиясы 2023 жылғы 1 қантары мен 15 қантарға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясының құрамына кандидаттар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер;
- 2) сайлау комиссиясының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;
- 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері;
- 5) Соттылығының болмауы туралы анықтама;
- 6) Психикалық, наркологиялық және туберкулез диспансерінде тіркеуде тұрмағандығы туралы анықтама.

### Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларын қалыптастыру туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» ҚР Конституциялық Заңының 10 және 15 баптарына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларын қалыптастыру бойынша хабарлама жариялайды.

Округтік сайлау комиссиялары келесі сайлау округтерде қалыптастырылады:

1. Арал ауданында №1 сайлау округі;
2. Қазалы ауданында №2, №3 сайлау округтері;
3. Байқоңыр қаласында №4 сайлау округі;
4. Қармақшы ауданында №5 сайлау округі;
5. Шнелі ауданында №8 сайлау округі;
6. Жаңақорған ауданында №9, №10 сайлау округі;
7. Қызылорда қаласында №11, №12, №13, №14, №15, №16 сайлау округтері.

Округтік сайлау комиссияларының саны 14 және әр комиссия 5 адамнан қалыптастырылады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының талаптарына сәйкес саяси партиялардан немесе өзге де қоғамдық бірлестіктерден және жоғары тұрған сайлау комиссиясынан ұсыныстар қабылданады. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидаттарды ұсынуда құқылы.

- Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және жоғары тұрған сайлау комиссиясы 2023 жылдың 1 қантары мен 15 қантары аралығында мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:
- 1) белгіленген нысан бойынша округтік сайлау комиссиясының құрамына кандидаттар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер;
  - 2) округтік сайлау комиссиясының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;
  - 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе

олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттардың округтік сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері;

5) Соттылығының болмауы туралы анықтама;

6) Психикалық, наркологиялық және туберкулез диспансерінде тіркеуде тұрмағандығы туралы анықтама.

Округтік сайлау комиссиясының құрамына кандидаттар туралы мәліметтерді нысандары, сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері облыстық мәслихаттың www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-kzo интернет-ресурсында орналастырылған.

Округтік сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын кандидаттар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Округтік сайлау комиссиясының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2023 жылғы 1 қантары мен 15 қантары аралығында дүйсенбі-жұма күндері 09:00-19:00 сағат аралығында жүргізіледі, үзліс сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін. Белгіленген мерзімнен кейін түскен құжаттар қаралмайды.

Мәслихаттың орналасқан жері: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 1-үй. Жаяуапты адам: Махамбетов Ерлан Әнуарбекұлы, каб. №231, қалааралық телефон коды (87242), қызметтік 60-54-01, ұялы телефон: 87775700505, факс нөмірі: 60-54-01, электрондық пошта мекенжайы: kyz\_oblmaslikhat@mail.kz.

**Қызылорда облыстық мәслихаты**

**Қызылорда облыстық мәслихаты**



## ЖЫЛ ӨНДІРІСІ



## Шыны зауыты және шынайы бастамалар

Бұған дейін индустрияландыру бағдарламасы аясындағы ауқымды жобалардың бірі саналған шыны зауытының іске қосылуы жайлы түрлі қауесет тарағаны белгілі.

**Sb** Ержан ҚОЖАСОВ,  
«Сыр бойы»

Ішкі нарықты өз өнімімен толық қамтып, сондай-ақ алыс-жақын шетелге 30 пайызын экспорттайтын болған кәсіпорын былтыр желтоқсан айында іске қосылғанмен кәсіпорын бұрынғы кезіндегі кәсіпорынға айналдырылғанға қарағанда, бұл кәсіпорынға айналдыру жұмысы жанданып, қазан айынан бастап өз өнімін шығара бастады. Бүгінде 17 мың тоннаға жуық шыны Астана, Алматы, Шымкент қаласына жіберілді. Алдағы уақытта Өзбекстанға экспорттау көзделуде.

Иә, көпшілік құдер үзгеріс болған кәсіпорын жұмысы осылайша қайта күш алды. Жұмысы кеш болса да жандана бастаған зауыт игілігін аймақ тұрғындарының көп күткені рас. Әрі аймақтағы алпауыт кәсіпорынға айналды деген сенім күшейіп келеді. Бір ерекшелігі, зауыттағы арнайы күйдіру пеші 1500°С температураға дейін қыздырылып, он жыл бойы тоқтаусыз жұмыс істеді. Ал содан соң ғана мұнда үлкен күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге болады дегенді мәңгідей білеміз.

Зауыт әлемге белгілі елдер – АҚШ, Италия, Бельгия, Финляндия, Қытай мемлекеті шығарған заманауи технологияларды пайдаланбақ. Тағы бір ерекшелігі – үлкен көлемді және ауыр салмақты шыны табақшаларын кесуге және тасымалдауға роботтар қолданылған. Ал шикізаттың 90 пайызы өзміздің өңірден болады.

Айтпақшы, шыны зауытынан бөлек, жергілікті билік түрік компаниясымен бірлесіп, құны 28,1 млрд теңге болатын томат пастасын өндіретін зауыт салу туралы келісімге келді. Жоба бойынша мұнда жылына 24 мың тонна өнім шығарылады. Сондай-ақ өңірдегі «Шалқия» кен орнында да жаңа тау-кен байыту комбинатының құрылысы басталмақ. Құны – 235 млрд теңге.

Жалпы биыл аймақтағы өңдеу өнеркәсібіне бағытталған құны 4,8 млрд теңгені құрайтын 7 жоба іске қосылды. Мысалы, облыс орталығындағы «Вега Пром» серіктестігі өзінің құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын өндірісін кеңейтті. Кәсіпорын жылдық қуаттылығын 8,6 мың тоннадан 24 мың тоннаға ұлғайтқан. Екінші, Сырдария ауданындағы «Шаған» шаруа қожалығы жылдық қуаттылығы 630 тонна болатын күріш ақтау цехын іске қосты. Сондай-ақ Қазалы ауданындағы «Игілік» жеке кәсіпкерлігінің жылына мың тоннадан асатын балық ұнын шығару және Қармақшы ауданында балық өңдеу цехы бар. Ал келер жылы Жанакорған және Қармақшы ауданындағы құс фабрикасы пайдалануға берілмек.

Қорыта айтқанда, бұрынғы индустрияландыру картасы аясында облыста құны 613 млрд теңгені құрайтын, 6,8 мың жұмыс орнын құруға бағытталған 37 жоба жүзеге асуда. Ал 2010-2021 жылдар аралығында іске қосылған жобалар аясында 49 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 25 пайызды құраған.

Бүгінде өңірдегі 808 225 тұрғынға қызмет көрсететін 18 стационарлық, 22 амбулаториялық-емханалық медицина ұйымында 2557 дәрігер, 9443 орта буын маман еңбек етеді. Әрбір азаматты сапалы және қолжетімді медициналық қызметпен қамтамасыз ету үшін «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы аясында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Жоба аясында күтілетін өмір сүрудің орташа ұзақтығы 2021 жылы 70,83-ті құрады. Сондай-ақ, денсаулық сақтау жүйесінде даму бағытында да көптеген жұмыстар атқарылуда. Атап айтсақ, Қазалы ауданы Өйтеке би кентінде республикалық бюджет есебінен жалпы құны 2,3 млрд теңгені құрайтын 80 мыңнан аса тұрғынға қолжетімді және жоғары сапалы бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 250 келушіге арналған емхана құрылысы аяқталды. Наурыз айында шалғай медициналық ғимараты жоқ елді мекендерде 2 медициналық бекет іске қосылды. Сонымен қатар, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде жалпы құны 140 млн теңгені құрайтын дәрігерлік амбулатория (Жалағаш ауданы Таң ауылы) құрылысын қабылдау актісі алынды.

Медициналық мекемелер құрал-жабдықтармен толықтырылды. Биыл жалпы сипаттағы трансферттер есебінен 1523,9 млн теңге қаражат қаралды. Бөлінген 536,8 млн теңгеге компьютерлік томограф (Қармақшы және Шиелі аудандық ауруханасына), №3 қалалық емханаға, Арал және Жанакорған аудандарына ауруханаларына 443,9 млн теңгеге видеоденоскопиялық жүйесі, қалалық орталық емханаға 36,5 млн теңгеге цифрлы стационарлық флюорографиялық рентген аппараты, №3 қалалық емханаға 48,1 млн теңгеге радиодиагностиктік рентген жүйесі, №5 қалалық емханаға 49,5 млн теңгеге маммографиялық рентген жүйесі аппаратын сатып алу жоспарлануда. Нәтижесінде құрал-жабдықтармен қамтылу көрсеткіші 83,5 пайыздан 85%-ға дейін көтерілетін болады. Одан бөлек, облыстық жедел жәрдем стансасына ли-

## Қолдау ілгерілеуге жол ашты

Облыста жыл өткен сайын медицинаның мүмкіндіктері молайып келеді. Мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерінің сапасы да жақсара түсуде.

зинг арқылы 20 санитарлық автокөлік алынды. Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсек орнына арналған көпбейінді аурухана (онкологиялық бөлімшемен) салу бойынша жоба-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Әкімдік тарапынан Денсаулық сақтау министрлігіне 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет қаржы есебінен жоспарланған инвестициялық жобалардың тізбесін енгізу үшін бюджеттік өтінім ұсынылды. Осыған орай, облыстың жедел және жұғалы қажеттілігін, Арал өңірі аймағы үшін маңыздылығын ескере отырып, аталған нысан құрылысын бастауға 2023 жылға 750 млн теңге республикалық бюджет есебінен бөлінді. Қазіргі таңда конкурс рәсімдері жүргізілуде. Ең қуантарлығы, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасымен облыс бойынша ауылдық инфрақұрылымды дамытуда жалпы құны 9,7 млрд теңгеге 27 нысан (24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 медициналық бекет) құрылысын тізімі бекітіліп, Денсаулық сақтау министрлігіне жолданған болатын, бұл қолдау тапты.

Қазіргі кезде құны 6,5 млрд теңге болатын 15 дәрігерлік

амбулатория (Арал ауданы Бөген, Қызылжар, Қазалы ауданы Каукей, Абай, Бозкөл, Қармақшы ауданы Дүр Өңгар, Тұрмағамбет, Ақжар, Жалағаш ауданы Есет батыр, Мырзabay, Сырдария ауданы Н.Ильсов, Шиелі ауданы Досбол би, Бала би, Буланбай бауы, Жанакорған ауданы Қаратөбе) және 1 медициналық бекет (Арал ауданы Көктем елді мекені) құрылысының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптама қорытындысы алынды. Нысан құрылысына жер уәкаесі бөлініп, инженерлік инфрақұрылым жүргізілген. Аталған 16 нысанның құрылысы келер жылы басталады. Қалған 9 дәрігерлік амбулатория (Арал ауданы Тоқабай, Жалағаш ауданы Қаракеткен, Шиелі ауданы Ортақшыл, Тәжібаев, Тартоғай, Бестама, Алмалы, Жанакорған ауданы Талап, Әбдігалип) мен 2 фельдшерлік-акушерлік бекет (Қармақшы ауданы Қармақшы және Қуандария) құрылысына келер жылы типтік жобалар байланыстыру жүргізілетін болады.

Арал туберкулезге қарсы диспансері ғимаратын «Қамқорлық» ерте араласу онкология етімі реконструкция» жобасының жобасметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды. Жобаның жалпы құны 360 043,5 мың теңгені құрап отыр.



Қазіргі таңда әкімдік тарапынан аталған тапсырманы орындау үшін жоба бойынша «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес, конкурстық рәсімдер жүзде, қайта жаңғырту жұмыстарына келер жылға 338,7 млн теңге бөлу жоспарланды. Сонымен қатар, Қызылорда қаласында жылына 5000-10000 жоспарлы донациялық IV санаттағы облыстық қан орталығының құрылысы жалғастырылмақ. Одан бөлек, келер жылы республикалық бюджеттен 3,5 млрд теңгеге медициналық бұйымдар сатып алу көзделуде.

Бүгінде Сыр медицинасының елдегі абыройы асқан. Олай дейтініміз, өңірде тұрғындардың денсаулық деңгейі жоғарылап, аймақ дәрігерлері күрделі оталарды жасауда да біліктілік танытуда. Бұрын шет елдерде немесе Астана мен Алматы қалаларында жасалатын күрделі оталар өз дәрігерлеріміздің бастамасымен сәтті жүзеге асуда.

Аймақ басшысының қолдауы, саланы қаржыландыру облыстың денсаулық сақтау саласының айрықша ілгерілесуіне жол ашты. Ал аймақтың ақ халатты абзал жандары тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетуге өздерінің білімі мен мүмкіндіктерін сарқа жұмсауда. Кардиохирургия, нейрохирургия салалары қарыштап дамуда.

Медицина қызметкерлерінің жұмысының қаншалықты ауыр және жауапты екені баршаға мәлім. Заман талабына сай қазіргі кезде медицина қызметкерлерінен үздіксіз ізденіс, үнемі білімін жетілдіру, жоғары интеллект қажет етіледі. Ол үшін алыс-жақын шет елдерде білімді толықтыру, конгрестерге қатысу үшін қосымша қаражат қажет. Бұл тұста мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулар да аз емес. Дәрігерлердің шетелде тәжірибе алмасу жұмыстары ширап келеді. Өткен жылы Түркия Республикасында 7, Біріккен Араб Әмірліктерінде 14 бас дәрігер және олардың орынбасарлары тағылымдамалар өтті. 17 медициналық ұйым аккредиттеуден өтіп, сапа стандартына сай деп танылды. Сол себепті емдеу ұйымдарымыз талапқа сай, дәрігерлеріміздің білімі мен тәжірибесі ұшпасақ деп айта алар едім.

Маман тапшылығы қазір қай салада да кездеседі. Дегенмен, дәрігер тапшылығын жоюда біздің аймақта қарқынды жұмыстар жасалуда. Медицина саласында сұранысқа ие «Жалпы медицина» мамандығы бойынша маман даярлауға облыс әкімінің 127 гранты бөлінді. Сонымен қатар өткен жылы 84 дәрігер жұмысқа қабылданды. Бұл мамандар халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетіп, елдің алғысын алып жүр.

Ал маманға жағдай жасау – үлкен мәселе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы елдің денсаулық сақтау жүйесін жаңа деңгейге бет бұрғызып отыр. Биылғы өткен референдум халқымызға күш-жігер сыйлауда деп ойлаймын. Қор ашылып, сирек кездесетін аурулардың емдеуге қаражат мәселесі оңнан шешілді, медицина қызметкерлері үшін бұл – үлкен қуаныш.

Алдағы уақытта да денсаулық сақтау саласындағы істі өңір халқының игілігіне айнала бермек.

**Сәбит ПАЗЫЛОВ,**  
облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы

## Қаржылық тәртіптің тегеуріні

Облыс бойынша тексеру комиссиясының мүшесі М.Сатлабаевтың төрағалығымен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлауға бөлінген бюджет қаражатын және мемлекет қорытынды пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша кездесу өткізілді.

Оған тексеру комиссиясының бөлім басшылары А.Ысқақова, Ж.Әбсет және облыстық білім басқармасының өкілдері, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық М.Мөметова атындағы Қызылорда педагогикалық, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледждері, М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық, Жалағаш, Сыр-

дария аграрлық-техникалық, Шиелі индустриалды-аграрлық колледждері директорлары мен есепшілері қатысты.

Аудиторлық іс-шара қорытындысына тексеру комиссиясының мүшесі Мірабек Ахметұлы тоқталып, заңнама нормалары талаптарының ішінара бұзылуына жол берілгені айтылды. Жалпы сомасы 6052766,1 мың теңгенің бұзушылықтары анықталған.

Оның ішінде, қаржылық бұзушылықтар 5916598,3 мың теңге, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты мен активтер 136167,8 мың теңге құраса, 71 рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталып отыр. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға 36 факт бойынша мемлекеттік аудит материалдары жіберілді.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе талқыланған соң, тексеру комиссиясы тарапынан кемшіліктерге жол бермеу ескертілді. Жиянға қатысушылар ұйымдастырушыларға сұрақтар қойып, жауап алды. Сондай-ақ ұсыныстар талқыланды.

## 2,5 пайыздық несиені кімдер алады?

Бұл ретте айта кетерлігі, ауыл халқының табысын арттыру бойынша пилоттық жоба алғаш 2019 жылы Жамбыл облысында басталды. Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында бұл бағдарламаны бүкіл Қазақстан бойынша масштабтауды тапсырған.

Алдағы жылы жобаны іске асыру үшін республикалық бюджеттен 11 мыңнан астам шағын қарыз беру жоспарымен 52,4 млрд теңге бөлу көзделіп отыр. Соның ішінде Қызылорда облысының үлесі 3 млрд теңге көлемінде екенін айта кеткен жөн.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйектегі Жолдауында несиелену ресурстарының жетіспеушілігі отандық бизнес үшін күрделі мәселе болып отырғанын, елімізде шағын және орта бизнесті қаржыландыру жеткіліксіздігіне шамамен 42 миллиард долларды құрайтынын айтқан еді. Бұл ретте банктер іс жүзінде экономика үшін жұмыс істемейтін триллиондаған қаржыны ұстап отыр. Сондықтан, нақты секторды тұрақты және қолжетімді несиелеу мәселесін шешуді тапсырған.

Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәр-

тіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несиелену – деді Президент.

Шынында да, жастар кәсіпкерлігі – қаржылық сауаттылық, ұйымшылдық пен креативтілік. Бұл – елдің сапалы адами капиталы. Шағын несиелеудің жеке тетігінің іске қосылуы кәсіпкерлік бастамасы бар жастар үшін өте жақсы мүмкіндіктер. Дегенмен, механизмді тиімді жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік негіздеріне міндетті оқытуды енгізу қажет-ақ. Бірақ, бұл бағытта қандай нақты шаралар қабылданып жатқаны туралы әлі ресми хабарланған жоқ.

Бастама аймақтың жастар кәсіпкерлігіне серпін берері сөзсіз. Салаға серпінді керек-ақ. Себебі, 1 қазандағы дерек бойынша, елімізде 29 жасқа дейінгі тұлғалардың толық меншігінде 34,2 мың компания жұмыс істеп тұр. Бір жылда көрсеткіш тек 0,5%-ға өскен. Өткен жылдың нәтижесі кезінде жастардың еліміздегі компаниялар саны 21,6% өсті. Жастарға тиесілі жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың көпшілігі еліміздің мегаполистеріне тіркелген. Алматы, Астана және Шымкент қалаларындағы компаниялар үлесі – 57,9%. Ал, облысымызда жастарға тиесілі 768 компания бар екен.

Көбінесе мұндай компаниялар

көтерме-бөлшек сауда және автокөлік жөндеу саласында жұмыс істейді. Одан кейінгі орында құрылыс, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет салалары бар. Жастар еліміздегі жұмыс істейтін компаниялардың ішінде ең азы мемлекеттік басқару және қорғаныс, жылу, электр энергиясымен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау, қалдықтарды өңдеу және шығару сияқты салаларда жұмыс істейтін компаниялар.

Ал, 2,5%-дық шағын несиелеу «Аграрлық несиелену корпорациясы» АҚ арқылы жүргізіледі. Несие беру тәртібі, негізгі шарттары, әдістерін комиссия белгілейді. Корпорация несиелену өтініш берушілерден, егер шарт бойынша міндеттемелер бұзылмаса, оларға қатысты комиссияларды, алымдарды немесе басқа төлемдер алмайды.

Несиелену өтініш беруші ұсынған құжаттардың мазмұны мен мәліметтерін тексеру мерзімі барлық қажетті құжаттар тіркелген күннен бастап үш жұмыс күнін құрайды. Бұдан бұрын хабарланғандай, жастарды несиелендіру бағдарламасында аймақ түріне шектеулер қарастырылмаған – ауыл және қала жастары қамтылады.

## Айыппұл мөлшері қалай өзгереді?

Қаңтардан бастап жол қозғалысы ережелерін бұзушыларға салынып отырған айыппұл көлемі өседі. «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға сәйкес, келер жылы ең төменгі жалақы мөлшері – 70 мың теңге, ал айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3450 теңге. Демек, айыппұлдардың да көлемі ұлғаяды.

Атап айтсақ, қозғалыс жылдамдығын 10-40 шақырымға арттырған жүргізушілерге 5 АЕК-тен (17 250 теңге) 10 АЕК-ке (34500 теңге) дейін айыппұл салынады. Жылдамдықты сағатына 40 шақырымнан асырғандар 20 АЕК (69 мың теңге) төлейді. Ал, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде мұндай әрекетті қайталағандар 30 АЕК (103 500 теңге) айыппұлмен жазаланады.

Көлік жүргізуге құқығы жоқ жүргізушіге 20 АЕК немесе 69 мың теңге, көлікті жүргізу құқығынан айырылып, көлік басқарғаны үшін 50 АЕК немесе 172500 теңге айыппұл салынады немесе 20 тәулікке қамауға алынады.

Жол белгілерін елемегендер 3 АЕК немесе 10 350 теңге айыппұл төлейді. Бағдарламаның қызыл түсіне тоқтамаған немесе жол диспетчерінің тыйым салу кимылына құлақ аспаған жағдайда 10 АЕК айыппұл салынады. Құқық бұзуды қайталаса, оның көлемі 15 АЕК-ке дейін өседі. Жол қозғалысы ережелерін бұзып, жаяу жүргіншілер жолы, жол жиіктері немесе тротуармен жүрсе, 15 АЕК айыппұл төлейді.

Көлікті тұраққа тұрыс қоймаған жағдайда салынып отырған айыппұл мөлшері де артады. Мәселен, аялдама немесе автотұрақ қағидаларын бұзғандарға 5 АЕК айыппұл салынады. Көлікті белгіленбеген жерлерге қойып кетіп, басқа автокөліктердің жүруіне кедергі жасағандар 10 АЕК-ке дейін айыппұл төлейді. Ақылы тұраққа ақша төлемеген жағдайда 3 АЕК немесе 10350 теңге айыппұл арқалайды.

Жаяу жүргінші жол қозғалысына қатысты ережелерді орындамау, бұрынғы 6126 (2022 жыл) теңгенін орнына 6900 теңге айыппұл салынады. Бір жыл ішінде қайталанса, айыппұл көлемі бірден 10 АЕК-ке дейін артып, 30630 теңгенің орнына 34500 теңге төлейтін болады.

Айта кетейік, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске қыркүйекте өзгеріс енгізілді. Оған сай, полиция қызметкерлерінің заңды өкімдеріне бағынбайтындарға 30 АЕК айыппұл салынады немесе 15 тәулікке дейін қамауға алынады. Егер құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, 15-тен 20 күнге дейін қамауға алынады. Қамауға алынбайтындар үшін (мүгедек адамдар) жаза ретінде 50 АЕК 175500 теңге (2022 жылы 153 150 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады.

Қоғамдық орында түкіргені үшін, сондай-ақ белгіленбеген жерлерде кокаын тастағаны үшін 5 АЕК немесе 17250 теңге айыппұл салынады. Ал, қайталанған жағдайда 10 АЕК немесе 34 500 теңге төлейтін болады.

«СБ» ақпарат



# 10 айда 333111 сәби

Өтіп бара жатқан Барыс жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен «Балалар жылы» болып белгіленгені мәлім. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, биылғы он айда елімізде 333111 сәби дүниеге келген.

Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 42 мыңға көп екен. Жаңа туған ұлдар саны 171653 болса, қыздар 161458-ді құрап отыр.

Сонымен қатар сарапшылар сәбилерге таңдалған жылдың ең танымал есімдерін де жариялады. Отандастарымыз ұлдарына көбінесе Әлихан, Айсұлтан, Алдияр, Омар және Әмір есімін берсе, қыздарға ең көп таңдалған есімдер қатарында Медина, Айша, Айлин, Асылым, Томирис аттары бар. Бұл есімдердің өзіндік мән-мағынасы бар. Мәселен, Әлихан – араб-түркі түбірлері мен бірнеше мағынасы бар атау. Бір нұсқада Әлихан есімі «Құдайдың арыстаны» деп аударылады. Келесі нұсқада «ұлы хан» немесе «құдай әміршісі» дегенді білдіреді екен. Айсұлтан – «Ай» – ай, «Сұлтан» – билеуші деген екі сөздің бірігуінен құралған қазақ есімі.

Ал Сыр өңірінде биылғы 11 айда 18773 сәби дүниеге келген. Былтыр олардың саны 21479-ды құраған еді.

«СБ» ақпарат



бергенмін, содан ара-тұра әңгімелесіп тұратынбыз, ақсақал орысша қалай сөйлесе, қазақшаға да сондай жатық. 1921 жылы дүниеге келген, соғысқа қатысқан, тұтқында болған. Біраз жыл теміржол мекемесінде жүргізуші болып, сексенінші жылдары зейнетке шыққан. Сөзінен дінге біртабан жақын екенін байқағанымн және болжамым расқа шықты. Сәл арқамызды кенге салып әңгімелескенбіз.

– Сен мына тұрған теміржол клубтарының Совет үкіметінен бұрын православ шіркеуі болғанын білетін бе едің? – деді маған Федор ақсақал жауабымды күтпестен сол тұсқа жақын теміржол клубын нұсқап. – Сол шіркеуде менің ата-анам революцияға дейін дін қызметкерлері болыпты. Екеуі де өздерін Құдай жолына арнаған адамдар еді, жалғыз бала едім, маған да олардың ықпалы болды. Православ шіркеуінің төбесіндегі крест құлатылып клубқа айналдырылғанда ата-анам қатты күйзеліп жүрді. Мен советтік қоғамда білім алып, біте қайнасып жүргеніммен, үйдегі әке-шеше тәрбиесі әлі күнге өмірімің ұстанымы болып келеді. Екеуі де соғысқа дейін-ақ қайтыс болды.

Соғысқа қатыстым, тұтқында болдым, аман-есен Қазалыға қайтып оралғаныммен, тұтқында болғаным үшін он жылға сотталып, Ресейдің киыр солтүстігіндегі Печора аймағында сегіз жыл жазамды өтеп қаіттым. Әйелім сол жақтыкі болатын, елге келесін екі балалы болдым. Менің тым діндарлығым, өмірлік ұстанымым әйеліме де, балаларыма да ұнамады. Балалар ержеткесін екеуін ертіп әйелім еліне қайтты. Қазір жалғыз тұрып жатқаным он жылдай болды.

Мен сенімімді, бұл ұстанымымды енді өзгерте алмаймын, осылай Құдай алдына барамын. Жалпы айтайын дегенім, адам баласы ерікті ғой, Құдайға сенуге, сенбеуге, дінді ұстануға, ұстанбауға. Өте көп адамдар тек шарият жолдарының әртүрлі екені болмаса, барша адамзаттың Жаратушысы біреу екенін түсіне бермейді. Оны сендер Алла, Құдай десендер, біздер, христиандар да Құдай, Тәңірі дейміз, Иуда дінін ұстанатындар

## Жылтыр көйлек - Жыл сәні



Көптен күткен жаңажылдық кеште әйелдер ең жақсы мерекелік сәнді киім іздейді. Жыл сайын әлеуметтік желіде дүние жүзіндегі дизайнерлер түрлі топтамаларды ұсынады. Сән саласында бізді көптеген тосын-сыйлар күтіп тұр. 2023 жылы не сәнде болады? Сән әлемі мамандарының болжамдарын ұсынып отырмыз.

Дизайнерлер бізге киімнің әртүрін ұсынады. Талғампаз костюмдер, көлемді жемпірлер, жылтыр көйлектер өзекті болады. Сонымен қатар, сіз әртүрлі стильдегі заттарды біріктіріп, ерекше көрініс жасай аласыз. Бірақ танымалдықтың шындығында не болады? 2023 жылғы қыстың басты тренді дизайнерлер өз коллекцияларында табиғи жүнге ұқсайтын классикалық модельдерді ғана емес, сонымен қатар түрлі-түсті тондарды да көрсетеді. Олар ұзын, еденге дейін немесе қысқа, белдігі, түймелері бар.

Былғарыдан жасалған киімдер – сәңгерлердің тамаша таңдауы. Енді былғары шалбарды немесе юбканы басқа материалдан жасалған заттармен жұптастырудың қажеті жоқ. Теріден тігілген киімдерді киіп айналаңыздағы адамдарды керемет көрініспен таңқалдыра аласыз. Былғары киімдер тек кара немесе қонар ғана емес, қызыл, ақ сары болуы мүмкін.

Джинсы маусымның нағыз хитіне айналады. Түсі мен стилі бойынша әртүрлі нұсқаларды таңдаңыз. Тырысқан джинсиды ұмытпаңыз. Келесі жылы кең шалбар сәнді болмақ. Оларды жемпірмен сәнді етіп киіңіз. Белдікті қолдануды ұмытпаңыз.

Мұндай сыртқы киім жылы болады және стильді көрінеді. Сондай-ақ ерекше асимметриясы бар үлкен пальто танымал. Жасанды үлбір декоры бар бұйымдар да сәнде. Үлкен өлшемді сыртқы киім бірнеше маусымда танымал болып қала береді. Жаңа жылда оған тағы да көп көңіл бөлінеді. Сәл үлкен болып көрінетін куртқаларды таңдаңыз. Оларды көйлекпен, шалбармен, юбкамен біріктірген дұрыс.

Күміс жылтырағы бар жаңа жылға арналған кескіндер осы маусымда сұранысқа ие. Сондықтан ұжымдық жаңажылдық кешке жарқыраған көйлектерді таңдауға болады. Сондай-ақ дизайнерлер алтынмен безендірілген сәнді маталармен тігілген стильдерді ұсынады. Көйлектерден басқа, жаңажылдық көріністерді жарқыраған алтын стильдермен, атап айтқанда блузкаммен, юбкамен тіпті куртқамен біріктіре аласыз.

Жарқыраған жиппен тоқылған керемет көйлек сәнде болмақ. Кешкі көйлектердің стильдері әрқашан мерекелік киімдер ретінде үйлесімді көрінеді. Ал салтанаты іс-шараға қысқа және ұзын өте стильді ашық көйлектерді таңдаңыз. Тым ашық емес қарапайым модельді таңдасаңыз да әсем көрінеді.

Егер сіз мерекені отбасылық шеңберде қарсы алғыңыз келсе, онда family look стилін таңдаңыз. Family look стилінде тоқылған киімдерді қолдансаңыз нағыз қыс бейнесін ашады. Тоқылған жемпірлер, көйлектер, балаларға арналған тоқылған киімдер мерекелік басқосуда керемет үйлеседі.

Қара түс бәрине бірдей келе бермесе де, жаңа жылдық кеште стильді көрінеді. Мамандар Жаңа 2023 жылға қара түсті киімдерді жарқын әшекейлермен, сәнді аяқ киімдермен толықтыруға кеңес береді. Әсіресе, әйелдерге арналған жарқыраған комбинезондар сәнде болмақ.

Аударған  
Гүлбану МАҚАЖАН

# ЖАҢА ЖЫЛ

Жыл сайын, турасын айтқанда, Григориан күнтізбесі бойынша Жаңа жыл жақындаған сайын, баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде, сан түрлі ақпарат құралдарында мерекеге байланысты толып жатқан ала-шұбар ой-пікірлер, ұсыныстар, болжамдар желтоқсандағы үскірік желдей есіп, айтылып-айтылып қаңтарға жетіп жығылып барып басылады. Сондағы айтылып жүргені – біздің, яғни ежелден түркі тектес, кейін ислам дінін ұстанған ұлтымыздың, қазағымыздың жыл қайыру үрдісі 22 наурыздан бастау алады дегенге көбірек саяды.



Мұндай пікірлер Тәуелсіздік алғалы бері айтылып келеді, бірақ әзірше мемлекет тарапынан да, көпшілік тұрғысынан да дәл осыған тоқтам жасау керек деген бірізділік болған емес. Егер қоғамды алып ғимарат десек, онда сол қоғамның әр мүшесі, яғни әр адам, денгейіне қарай сол ғимараттың бір-бір құрамдас бөлігі, кірпіші, шөгесі, тақтайы, тағысын-тағылары деген сияқты және пікірін айтуға толық құқы бар. Мен де сол құқымды пайдаланып кеңестік кезеңнен санамызға дәл осылай болуы керек деп шегеленіп қалған Жаңа жылды Григориан күнтізбесі бойынша қарсы алған дұрыс па, жоқ па деген ұғымға байланысты бірер пікір білдіргім келеді.

Бірін айтқанын, кеңестік кезеңде бұл мерекені жандырып тұрып, шырымен шырайын шығарып қарсы алған қоғамның өкілімін, бірақ қазір дәл сол кездегідей қарбаласпен қарсы алудан айнып қалдым. Себебі, бастау алған тарихымен таныстым, түрлі ақпарат құралдарынан естідім, анығын білетін, сол дінді ұстанатын адамдармен кездесудің реті келгенде пікірлестім және біз тойлап келе жатқан Жаңа жыл тарихы туралы ішінара біле бастағаным да ширек ғасырдай болды.

Қазалыдағы техшол, немесе тепловоз машинисттерінің көмекшілерін даярлайтын оқу орнының айналасында соғыстан бұрын да, кейін де салынған екі кабатты қазыналық үйлер көп болатын және ол үйлерде көбіне орыс ұлтының өкілдері тұрды. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында теміржолға жарық беретін мекемеде жұмыс істедім. Түскі асқа бару үшін және жұмыстан қайтқанда әлгі үйлердің арасымен өтуші едім. Ол уақыт қоғам енді ғана өзгеріп, үкімет ауысқан, елдегі жағдай ес жиоға мұрша бермей жатқан қарбалас та оларға уақыт еді. Сол үйлердің ескі болса да, жыпырлай тізіліп, тәртіппен салынған тұрмыстық заттарын сақтайтын сарайлары болды. Бір бөлме қазыналық үйі бар және әлгі сарайлардың бірін иемденген Федор атты қабасақал орыс шал сол сарайлардың алдында күздің, көктемнің шуағында үнемі ұсақ тірліктерімен айналысып отырар еді. Бір жолы сол түспен өтіп бара жатып сарайының есігіннің топсасын жөндеуге көмек

да Құдай, Тәңірі дейді. Сендердің құлшылық жасайтын мешіттерін, бізде шіркеулер, иудаларда синагогалар бар. Иудалардың пайғамбары Мойсейге Таурат кітабы, біздің Иисус пайғамбарға Библия, сендердің пайғамбарлары Мұхаммедке Құран түскен және бұл кітаптар бір-бірінің жалғасы және Таурат пен Библиядағы Мойсей сендердің Құрандарында Мұса пайғамбар, Авраам Ибраһим, Давид Дәуіт, Соломон Сүлеймен пайғамбар, осылай кете береді.

Біздер христиандар католик, православ болып бөлінсек, сендер мұсылмандар да суннит, шиит болып бөлінсеңдер. Әр дінің қасиетті күндері, мерекелері бар, сендерде аптаның қасиетті күні жұма болса, иудаларда сенбі, бізде христиандарда жексенбі. Сендер пайғамбарларың Мұхаммедтің туған күні – мәулітті тойласаңдар, біз Құранда Иса пайғамбар деп атайтын Библиядағы Иисус Христостың туған күнін мерекелейміз. «Рождество Христово» деп аталатын бұл мерекені католиктер ескі күнтізбемен 27 желтоқсанда атап өтсе, біз православтар 7 қаңтарда тойлаймыз.

Ал қазіргі сендердің шыршалатып, думандатып, тұл ұйқыларыңды төрт болып қарсы алатын Жаңа жылдарың, осыдан үш жүз жылдай бұрын І Петр патшаның Еуропа мемлекеттеріне еліктеп, 31 декабрьден 1 январьға қараған түнді Жаңа жылды қарсы алу ретінде заңдастырғанынан басталады, яғни айналып келгенде, біздің тұтынып жүрген жыл санауымыз осыдан екі мың жыл бұрын дүниеге келген Иисус Христостың туғанынан бастау алады. Біз православтар, Иисустың туған күні 6 январьдан 7 январьға қараған түнді есептейміз.

Өз ұстанымын маған егжей-тегжейлі түсіндіруге тырысқан Федор ақсақалдан айтқандары әрине, мен үшін пәтуә бола қоймас, бірақ мен содан бергі отыз жылға жуық уақыттың ішінде Жаңа жыл тарихының анық-қанығына, діндар шалдың айтқан сөзінің жаны бар екендігіне әбден көз жеткіздім. Бұл – әрине, менің жеке пікірім.

Әлімжан ҚИЯС,  
Қазалы ауданы,  
Әйтеке би кенті

Әлем футболында есімі алтын әріппен жазылған Пеле ұзаққа созылған ауыр науқастан 82 жасында өмірден өтті. Осылайша өткен ғасырдың орта шенінде жасыл алаңда жасындай жарқылдаған даңқты ойыншы аладоп сиқырына арбалған талайдың жұлдызына айналды. Енді оның қазасы күллі әлем жұртшылығына ерекше әсер етіп жатқаны сондықтан шығар.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

## Қош бол, футбол королі!



1940 жылдың 23 қазанында Бразилияда дүниеге келген Эдсон Арантиш ду Насименту жанкүйерлерге Пеле деген лақап есімімен белгілі еді. Мансабында үш мәрте Әлем чемпионы атағын жеңіп алған жалғыз футбол жұлдызы.

Ол ұзақ уақыт бойы онкологиямен күресіп келді. Қатерлі дерт оның ағзасынан 2021 жылдың күзінде анықталған. Бірнеше мәрте химиятарапидан өтті. Алайда қатерлі дерт жеңіп тынды.

Пеле футболға алғашқы қадамын 1956 жылы Бразилияның «Сантос» командасында бастап, онда 1974 жылға дейін доп тепті. 1975-1977 жылдарда АҚШ-тың «Нью-Йорк Космос» клубында ойнады. Екі команда сапында 560 кездесуде 541 мәрте доп соққан.

Ал Бразилия ұлттық құрамына сапында 1957-1971 жылдарда 92 ойында 77 голдың авторы атанды. Ол өзінің өмір жолында төрт мәрте Әлем чемпионаты финалдық сатысында бақ сынап, үшеуінде алтын кубокты төбесіне көтерді. Жасыл алаңның жұлдызын жержан жұртшылығы әлі күнге «Футбол королі» деп бағалайды. Расында, қаншама жұлдыздар жанкүйерлерді баурап жүргенімен, олардың есімі Пелемен шендес айтылған емес. Бұл да ерекше дарынды футболшыға деген зор құрмет болса керекті. Сол биігі ешқашан төмендемейтін де секілді. Токсаныншы жылдарға дейін доп тепкен әйгілі Марadonaның өзі оны ұстазы ретінде құрмет көрсетті. Айта кетсек, аргентиналық футбол жұлдызы 2020 жылдың 25 қарашасында дүниеден өткен еді.

Бразилияда футбол королі Пеленің қайтыс болуына байланысты үш күндік аза тұту жарияланды.

Меншік иесі  
**СЫРМЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманжол ОҒҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына  
сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен  
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді. Қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің тарапымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.